

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ ПӘНІ БОЙЫНША ДӘРІСТЕР

1-ДӘРІС. ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОҚУ ПӘНІ РЕТІНДЕ, ОНЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

1. Адам жөніндегі ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың орны
2. Адамдар жөніндегі ғылымдар жүйесінің ғылыми одағы.
3. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланыстарын талдау

Дәрістің мақсаты: жоғары мектеп педагогикасының ғылым ретіндегі және оның негізгі ұғымдары туралы білімдер жүйесін қалыптастыру.

Негізгі ұғымдар: педагогика ғылымы, философия ғылымы, психология, ғылыми одақ жүйесі.

Дәрістің негізгі мазмұны

Адам жөніндегі ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың орны оны басқа ғылымдармен байланыстыра қарастырғанда ғана айқындалуы мүмкін. Өзінің ұзаққа созылған тарихында педагогика көптеген ғылымдармен тығыз байланыста болып, өз дамуы мен кемелденуінде олардың әрқилы ықпал-әсеріне ұшырап отырды. Бұл ұштастықтардың кейбірі тарих тұңғығынан жалғасып келе жатса, енді біреулері-кейінгі, жақын дәуірлерде пайда болды. Педагогиканың алғашқы байланыс түзген білім салалары-философия мен психология. Бұл ғылыми «одақ» қазіргі күнде де педагогикалық теория мен практиканың кең, өрістеп дамуының алғы шарты.

Педагогиканың **философиямен** байланысы өте бір ұзақ та өнімді болды, себебі философиялық идеялардан педагогикалық тұжырымдар мен теориялар туындап отырды. Педагогикалық ізденістердің бағыттары белгіленді, сонымен бірге педагогиканың әдіснамалық негізі осы философиялық көзқарастардан қалыптасты. Философиялық бағыттар (экзистенциалды, прагматикалық, неопозитивистік, материалистік т.б.) жүйесін ұстануына орай педагогика зерттеушілерінің оқу-тәрбие саласындағы ғылыми-ізденіс жолы, білім беру процесінің мәні мен мағынасы, мақсаты мен технологиялық сипаттамасы айқындалады. Философия сонымен бірге педагогикалық болмыс пен нақты тәжірибені теориялық тұрғыдан түсінудің құралы ретінде қолданылып, жаңа педагогикалық тұжырымдамалар жасаудың бастау көзін береді.

Педагогиканың ежелден келе жатқан дәстүрлі де аса бір құнды байланысы **жантану** (психология) ғылымымен орныққан. Адам табиғатын білу, оның тума қасиеттері мен мүмкіндіктерін түсіну, тұлға дамуы мен оның жандүниелік қозғалыстарында байқалатын заңдылықтар және оларды басқарушы тетіктерді ескеру, сонымен бірге оқу мен тәрбие жүйесін осы психикалық заңдылық, қасиет-сапа, қажеттіктер мен мүмкіндіктерге негіздей отырып құрастыру талаптарын елеулі ғұлама-педагогтардың бәрі де алға тартып отырған. Дегенмен, ескеретін жәйт: тұлғаның дамуы мен қалыптасуын бір жақты тек психологиялық шарттармен ғана түсіндіру шынайылыққа келмейді, себебі педагогтар мен балалар өмірі табиғи заңдылықтардан кейде басымдау түсетін әлеуметтік-педагогикалық жағдайларға тәуелді келеді, тіпті сол психологиялық дүние, болмыстың өзі де арнайы қоғамдық ықпал нәтижесінде өзгеріске келуі әбден мүмкін.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы адамды тұлға ретінде зерттеуімен ортақ келетін философия және психология аймағымен шектеліп қалмайды. Оның адамды тіршіліктегі сипатында танушы анатомия, физиология, астрология және медицина ғылымдарымен де байланысы заңды құбылыс.

Адам дамуына ықпал жасаушы табиғи және әлеуметтік факторлар арақатынасынан туындайтын проблема - педагогика үшін өзекті мәселелердің бірі. Адамның жекеленген табиғи дамуын зерттеуші **биология** ғылымында бұл мәселе аса маңыздылығымен танылған.

Адамды табиғи жаратылыс туындысы және әлеуметтік болмыс жемісі ретінде қарастыра отырып, педагогика **антропология** ғылымындағы адам туралы білімдердің бай қорын толық пайдаланады, осыдан олардың бәрін жалпыланған адам бойында теориялық бірігімге келтірумен оның сан қырлы да көп сырлы болмысын тануға жол ашады.

Педагогиканың **медицинамен** байланысының нәтижесінде педагогикалық білімдердің арнайы саласы коррекциялық (реттеуші) педагогика пайда болды. Осыдан, өз дамуында тума немесе жасанды ауытқуы бар балаларға білім берудің тәсілдері анықталды. Педагогиканың бұл саласы медицина деректерін пайдалана отырып, бала деніндегі кемшіліктердің орнын толтыру мен оның қоғам өміріне толыққанды араласып кетуін жеңілдететін терапиялық құрал-жабдықтар жүйесін түзіп, қолданымға келтірді.

Сонымен бірге педагогиканың дами түсуі адамды қоғам мүшесі ретінде, оны әлеуметтік қатынас, байланыстар жүйесінде зерттеуші ғылымдарға да тәуелді келеді. Сондықтан да осы заман педагогикасының әлеуметтану, экономика, саясаттану және басқа әлеуметтік ғылым салаларымен тұрақты да ықпалды байланысқа түсуі кездейсоқ емес.

Педагогика және **экономикалық** ғылымдар арасындағы қатынастар өте күрделі, бірақ біртекті емес. Қай заманда да экономикалық саясат қоғам білімін қамтамасыз етудің қажетті шарты болған. Осы саладағы ғылыми зерттеулерді экономикалық қолдау педагогика дамуына үлкен ықпал жасаушы факторға айналып отыр. Осы ғылымдардың байланысынан «**Білім экономикасы**» деген арнайы педагогика саласы дүниеге

келіп, білім беру аймағын реттестіруші экономикалық заңдылықтар ашылды, олардың қоғамды сауаттандыруға байланысты ерекшеліктері зерделенді.

Педагогиканың **әлеуметтану** ғылымымен байланысы ежелден келе жатқан, дәстүрлі. Себебі бұл екеуін де толғандыратын ортақ проблемалар: білімді жоспарлау; халықтың әртүрлі топтары мен әлеуметтік қатарының негізгі даму бағыттарын айыра тану; әрқилы әлеуметтік орта мен ұйымдардағы тұлғаның қоғамдық кемелденуі мен тәрбиесі заңдылықтарын ашу.

Қоғам мен мемлекеттегі білім саясатының қалыптасуы әрдайым үстемдік жүргізуші партиялар мен таптардың идеологиясы негізінде түсіндіріледі; бұл тұрғыдан педагогика мемлекеттік оқу-тәрбие құралы ретінде **саясаттану** ғылымының заңдылықтарына сүйене отырып, адамның саяси сана субъектісі ретінде қалыптасуының шарттары мен механизмдерін белгілейді, саяси идеялар мен талаптарды игеріп, орындау мүмкіндіктерін нақтылап, ашып отырады. Сонымен қатар, этнография, демография, тарих, техникалық ғылымдармен де тығыз байланысты.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланыстарын талдауға сала отырып, оларды пайдаланудың келесі формалары анықталған:

– басқа ғылымдардың негізгі идеялары, теориялық болжамдары мен қорытындыларының педагогикада пайдалану;

– бұл ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерін шығармашылықпен қабылдап, меншіктеу;

– психология, жоғары жүйке қызметі физиологиясы, әлеуметтану және басқа да ғылымдар зерттеулерінің нақты нәтижелерін педагогикада қолдану;

– адамды жан-жақты және көптарапты зерттеуде педагогиканың қатысуы.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көзқары = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. – Алматы, 2011.

2 ДӘРІС. ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ. БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Жоспар:

1. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамасы.
2. Білім берудің парадигмалары және олардың түрлері.
3. Білім беру парадигмаларының сипаттамалары

Дәрістің мақсаты: жоғары білімнің жаңа парадигмалары және ғылыми педагогикалық әдістемелер туралы білімдер жүйесін қалыптастыру.

Негізгі ұғымдар: «парадигма», дәстүрлі-консервативті парадигма, технократиялық парадигма, экзотериялық парадигма, бихевиористикалық парадигма, гуманистикалық парадигма

Дәрістің негізгі мазмұны

Әдіснама, әдіс пен теория әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты. Ең алдымен “**теория**” – педагогикалық құбылыстардың кез келген әдіснамасының негізі және ол әдістеменің көмегімен табылған деректердің арқасында кеңейеді.

Теория – таным процесінің нәтижесі, ал **әдіснама** – осы танымға жету мен оны құрудың тәсілі яғни әдісі. Бұл – теориялық және практикалық ғылыми-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен әдіс-тәсілдер жүйесі, осы жүйені танудың жолы.

Теориялық білім зерттеушіге оның не нәрсені біле алатынын көрсетсе, практикалық білім не істеу керектігіне бағыттайды. Кез келген теорияның ақиқаттылығының белгісі – болмыстың практикалық өзгерісі. **Практика** – теориялық түсінікке қарағанда әлдеқайда кең және күрделі. Алайда, басқа жағынан қарағанда теориялық болжамдар, мысалы, Д.И. Менделеевтің химиясы практикаға белгісіз жаңа химиялық элементтердің ашылуын болжаған. Осылайша, Нептун ғаламшарының ашылуы да бірінші теория жүзінде болжанып, практика жүзінде заманға сай телескоптар пайда болған кезде ғана оны көре алған. Іс жүзінде таза теория болмайды, өйткені ол әрқашан зерттелінетін пәннің әдістемесімен өзара тығыз байланыста болады және зерттеу іс-әрекетінің бағытын анықтайтын бастапқы нүкте. Қазіргі замандағы ғылымның әдіснамасы білімнің жеке бір саласы ретінде дамып келе жатыр, оған нақты ғылыми деңгейде өткізілген зерттеулер сүйенеді.

Таным теориясы тұтас таным іс-әрекеті процесін және ең алдымен оның мазмұндық негізін зерттейді. **Әдіснама** шынайы және практикалық түрде тиімді білімге жетудің әдістері мен жолдарына көп көңіл бөледі, осы білімді дамытудың әдіс-тәсілдерін іздестіреді.

Әдіснама дегеніміз – әдістер туралы ілім, оларды зерттеушінің ойлау сипаты, оның танымдық процесінің дамуының жолын анықтаушы ретінде қарастыру қажет. Таным процесіндегі әдіске антикалық философияда-ақ үлкен мән берген, онда алғаш рет зерттеу нәтижесі мен ғылыми таным әдісі арасындағы өзара қатынас айқындалған болатын. Қазіргі уақытта таным әдістері, олардың қалыптасуы мен даму процесі зерттеу объектісін тану мен өлшеудің анық ғылыми нәтиже бере алатын нақты әдістерін талап ететін деңгейге жақындап келеді. Сондықтан, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің дамуы мен жетілдіру процесі тұтас педагогикалық ғылымның дамуының ең басты құрамды бөлігі болып табылады.

«**Әдіснама**» түсінігі – ең көп мағыналы ең бір анықталмаған және тіптен педагогикалық талас тудыратын түсінік. Әдетте **ғылымның әдіснамасы** деп – қоғамдық және табиғи құбылыстарды зерттеудің негізінде жатқан және осы құбылыстардың теориялық түсінігінде көрінс беретін философиялық идеялардың бастапқы жиынтығы деп түсініледі. Ұзақ уақыт философияның құрамды бөлігі болған педагогика философиялық-әдіснамалық тұжырымдаманың арнасында дамиды және ол өзінің дамуын жалғастыруда.

Кез-келген әдіснамалық мәселелерді шешу белгілі бір гносеологиялық принциптер негізінде құрылған бастапқы әдіснамалық тұжырымда жүзеге асады. Адамның танымдық іс-әрекетінің жалпы заңдылықтарын, оның даму заңдарын қалыптастыру философия ғылымының мәселесі. Білімді философиялық, аксиологиялық түсіну философияға тән және ол ғылыми білім туралы түсініктердің қалыптасуына шешуші ықпал етеді. Алайда зерттеушінің әдіснамалық тұжырымына жалғыз философия мен оның гносеологиялық негіздері ғана әсер етпейді. Зерттеушінің әдіснамалық тұжырымдама, көбінесе, ғылыми білімді құру мен дамыту теориясы, өйткені ол психологиялық-педагогикалық ғылымға және оның тарихына бағытталады. Осыған орай, әрбір әдіснамалық тұжырымдама психологиялық-педагогикалық теориялар негізінде құрылып, соларға сүйенеді, өйткені олар осы тұжырымға жақын және оның ең басты құрылымдары саналады.

Барлығы бірігіп ЖМП-ның әдіснамалық негізін құрайды

1. *Тұлға теориясы*
2. *Іс-әрекет теориясы*
3. *Таным теориясы*
4. *Басқару теориясы*
5. *Жүйе теориясы*

Тұлға теориясы – жеке адамның өзіндік адамгершілік-әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Тұлға теориясы философиялық тұрғыда – адамды «адам» ретінде тануға, яғни оның рухани-адамгершілік, дәлдік, мәдени қырларына баса назар аударумен пайымдалады. Адам тұлға болып тумайды, әлеуметтену үрдісінде тұлға болып шығады. Ол дамумен тікелей байланысты. Даму – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің жүрісі мен нәтижесі.

Іс-әрекет теориясы – адамның дүниемен қарым-қатынас тәсілі. Іс-әрекет барысында адам табиғатты айнала қоршаған ортаны игеріп, шығармашылық тұрғыда өзгертеді. Сөйтіп, өзін іскер, жасампаз субъект ретінде қалыптастырады, ол өзі игерген табиғи ортаны іс-әрекет объектісі етеді. Адамның өзге іс-әрекетінің барлығы (ойын, оқу) екбекпен тығыз байланысты.

Адамның әлеуметтік-тарихи дамуы барысында қоғамдық ерекше қажеттілік ретіндегі теориялық іс-әрекет, яғни ой еңбегі пайда болған. Іс-әрекет құрамына - іс-әрекетті қозғаушы түрткі (мотив) іс-әрекетті бағыттаушы мақсат пен нәтиже, іс-әрекетті жүзеге асырушы құралдар қамтылады. Іс-әрекет түрткісі – адамның түрлі қажеттіліктеріне қызығушылығына, жауапкершілігіне, сезіміне, санасына қызмет етеді. Іс-әрекетке түрткі белгілі бағыт береді. Түрткінің мазмұны мен санасына лайық адамның тұрақтылығы байқалады, көздеген мақсатына жетеді. Іс-әрекеттің мақсаты мен түрткісі – қиындықтарды жеңіп, нәтижеге қол жеткізу. Кез-келген іс-әрекет субъект арқылы мақсат, құрал, үрдіс, нәтиже көрінеді. Адам

қажеттілігінен туған іс-әрекет оның айнасын бейнелейді. Қоғамдық өмірде адам түрткі мен мақсатты өз дамуына байланысты пайдаланады. Жеке адамның дамуында іс-әрекет жетекші рол атқарады.

Қазақ тіліндегі көптеген әдебиеттерінде «әдіснама» термині «методология» түрінде де жазылып келе жатқаны белгілі.

Методология грек тілінен аударғанда, “metodos” – әдіс, жол, ал “logos” – ілім, яғни зерттеу жолы немесе таным теориясы, әдіс туралы ілім немесе әдістің теориясы деген мағыналарды білдіреді.

Әдіснама кез келген ғылым саласын ғылыми нақты зерттеуге және теория мен практиканы дамытуға қажетті жаңа білімді алуға мүмкіндік беретін идеялардың, ережелердің, теориялардың, қағидалардың (философиялық, психологиялық, педагогикалық т.б.) жиынтығы.

Кез келген әдіснамалық мәселелерді шешу белгілі бір гносеологиялық принциптер негізінде құралған бастапқы әдіснамалық тұжырымда жүзеге асады. Адамның танымдық іс әрекетінің жалпы заңдылықтарын, оның даму заңдарын қалыптастыру философия ғылымының мәселесі. Демек, әдіснамалық тұжырымдар ғылымның философиялық негіздерімен психология ғылымының зерттейтін саласының жетістіктеріне байланысты ажыратылады.

Педагогика ғылымының әдіснамасы: *біріншіден*, ғылымның жалпы әдіснамасынан туындайды; *екіншіден*, қоғамдық ғылыми жүйенің даму тенденциясын оқып үйренумен және зерттеумен байланысты туындайды; *үшіншіден*, педагогикалық құбылыстардың жағдайлары туралы теориялық қағидалармен, олардың зерттеу әдістерін қарастырады; *төртіншіден*, жаңадан алынған білімдерді тәрбие, оқыту, білім беру тәжірибесіне енгізумен анықталады.

Парадигма «paradigma» үлгі, (образец) Парадигма – ғылым дамуының белгілі бір кезеңдерінде ғылыми қоғамның қабылдаған әдіснамалық және теориялық қағидаларының жиынтығы, ғылыми зерттеудің үлгісі, стандарты, зерттеу мәліметтерін, болжамдар мен ғылыми міндеттердің жиынтық үлгісі ретіндегі көрінісі.

(Т. Кунт)

1. Дәстүрлі-консервативті парадигма
2. Технократиялық парадигма
3. Эзотериялық парадигма
4. Бихевиористикалық парадигма
5. Гуманистикалық парадигма

Эзотерикалық парадигма – құпия, жасырын, дін, магия, мистика, қазір космос мәселесіне бой ұрғандарға арналған. Көрсеткіш жеке тұлға жоғалып, өзгеше этика қалыптасады.

Дәстүрлі парадигма. Үш сатыдан тұрады. 1. **Базалық білім** – оқу, жазу, санау, сауаттылық. Білім беру жүйесі базалық ғылым бөлімдеріне негізделген.

2. **Гуманистикалық парадигма** - Жалпы адамзаттық құндылықтарға көңіл бөлу.

3. **Технократиялық парадигма** – Кез келген нәтиже «ия, жоқ», «менгерді, меңгермеді», «тәрбиелік, тәрбиесіз» деп бағаланады. Қажетті білім, тәртіп туралы ұғым мемлекеттік деңгейде құрастырылады. **Көрсеткіші:** танымдық қабілетінің деңгейіне сенімсіздік, сынақ алу, рейтингілік қатар, білім стандарты, еңбек практикасы.

Ұтымдылығы: алгоритмизация, программалау, компьютерлік ойындар, тірек конспектілер. Бихевиористикалық парадигма.

Рационалистік, іс-әрекеттілік. Ішкі әлемге көп көңіл бөлмей, сыртқы бейнесіне көңіл бөледі. Мектеп – ортаға бейімдейтін білім беру механизмі. Мектеп – фабрика, шикізат – оқушы. Мектеп мақсаты – оқушы бойында қалыптастыру.

Көрсеткіші: Қалай телефон соғу керек? Науқас адаммен қалай сөйлесу керек? Жауабын білмесең қалай құтылуға болады? Бұл парадигма бойынша педагогикадағы жаңа ұғымдар: Б.Скиннер «Әлеуметтік инженерия», Б.Блум «Толық меңгеру концепциясы» - орташа және төмен оқушылардың қабілетін қарқынды дамыту.

Гуманистік парадигма. Оқушының интеллектуалдық қажеттіліктерімен аралық қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамыту. Өмірге бейімдеу арқылы жеке тұлғаның өсуіне жағдай тудыру. Адамға өзін-өзі, шындықты тануға деген жолды көрсету.

Білім беру мазмұнын жаңарту: жеке тұлғаға негіздеу; құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам идеясы; зерттеу, жоба, өздігінен білім алу әдістерін қолдану; таңдау мүмкіндігі; экономикалық білім; шет тілін меңгеру; ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану; жоғары сыныпта кәсіби оқыту; қоғамның ролін күшейту (ата-ана).

Жаңашыл мектепте білім беру мазмұнын жаңарту не арқылы іске асады? жаңа технология, әдіс, құрал, форма; бағдарлама, жоспар, оқулық; педагогикалық жүйе; конференция, олимпиада, интеллектуалды сайыстар.

Нәтижеге бағытталған білім беру моделі (ООР): Компенттілік (құзыреттілік) – меңгерген білімі мен тәжірибесін әр түрлі өмірлік жағдайда қолдана алу қабілеттілігі.

Білім беру парадигмаларының сипаттамалары

Классикалық парадигма	Жаңа парадигма
-----------------------	----------------

Білім берудің негізгі міндеті: өскелең ұрпақты дайындау	Білім берудің негізгі міндеті: жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру жағдайын қамтамасыз ету
Адам - қарапайым жүйе	Адам - күрделі жүйе
Білім - өткен шақ тәжірибесінен («еске алу мектебі»)	Білім – болашаққа бағдар («ой-өріс мектебі»)
Білім беру – білім, білік, дағдылардың белгілі үлгілерін оқушыға беру	Білім беру - адам өз санасында әлем бейнесін жасау оны пәндік, әлеуметтік, рухани мәдениетпен ұштастыруы
Оқушы – педагогикалық ықпал ету объектісі	Оқушы – танымдық іс-әрекеттің субъектісі
Субъект-объектілік, педагог пен оқушының монологиялық қатынасы	Субъект-субъектілік, педагог пен оқушының диалогтық қарым- қатынасы
Оқушының “жауап берушілік”, репродуктивті іс-әрекеті	Оқушының белсенді, шығармашылық іс-әрекеті

Білім берудің жаңа парадигмасы– жаңа өркениеттік бағдар тұрғысында, мемлекеттік стандарттарға сай, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, интеллектуалдық білім орталығы ретіндегі инновациялық мектепте ғылыми-әдіснамалық негізделген білім берудің концептуалдық моделі деген анықтама берілді.

Инновациялық креативті білім беру– қазіргі мектептерде оқытудың шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделу арқылы танылатын әрбір жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттайтын интеллектуалдық процесс.

Креативтілік– рухани құндылықтарды жасаушы және жеке тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі дамыту шарты бола отырып, рефлексия мен субъективтік өзін-өзі бағалау негізінде жаңа нәтижелерге жетуде шығармашылыққа қабілеттілігінен көрінетін сапалық қасиеті.

Шығармашылық іс-әрекет - мәселені қою, ойды тұжырымдап айту, идеяның пайда болуы, оны шешу, оның логикалық дамуы, аталған мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көрінуі.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

3-дәріс. ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Мақсаты: білім алушыларға ғылыми-зерттеу әдістері туралы түсінік қалыптастыру

Жоспары:

1. Дәстүрлі зерттеу әдістері
2. Педагогикалық эксперимент

Негізгі ұғымдар: зерттеу әдістері, бақылау, сауалнама, педагогикалық эксперимент, сұрау әдістері

Педагогика ғылымында қолданылатын зерттеу әдістеріне бақылау, әңгіме, мектеп құжаттары, оқушылардың жұмыстары, эксперимент және т.б. жатады.

Бақылау әдісі. Бұл педагогикалық мәселелерді зерттеуде жиі қолданылып жүрген әдістердің бірі. Бақылау деп әдеттегі жағдайда педагогикалық құбылыстарды қабылдау арқылы тануды айтады. Ғылыми бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Жоспарда бақылаудың мақсаты мен міндеттері, объектісі (сабақ, саяхат, лабораториядағы, шеберханадағы, оқу тәжірибе учаскесіндегі оқушылардың жұмыстары), жүргізу әдісі мен техникасы дұрыс көрсетілуі тиіс. Ғылыми негізінде шығар-машылықпен жасалған жоспар зерттеу жұмысының нәтижелі болуына игі әсер етеді. Ғылыми бақылау зерттелетін педагогикалық құбылысты дұрыс және шын дәлдікпен жазып алуы талап етеді. Сондықтан бақылаудың нәтижесі зерттеушінің педагогикалық іскерлігіне, қабілетіне және оның жоғары дәрежелі сауаттылығына байланысты.

Педагогикалық бақылау — бұл белгілі бір құбылысты ұзақ және жоспарлы түрде зерттеудің таным әдісі. Зерттелетін тақырыптық мақсаты мен мазмұнына қарап, бақылауды жаппай және жоспарлы түрде жүргізуге болады. Оқу-тәрбие процесінде жалпы мәселелерді зерттеу үшін (сабақ үстіндегі оқушылардың таным іс-әрекеті, оқушылар зейінін жандандыру, балалар ұжымының іс-әрекеті және т. б.) жаппай бақылау әдісі пайдаланады. Жеке мәселелерді (кейбір оқушылардың кітаппен, картамен істейтін жұмыстарын, жеке оқушының мінез-құлқын бақылау) зерттеу үшін ішінара бақылау әдісі қолданылады. Бақылау нәтижелері дұрыс шығу үшін түрлі формулаларды, кестелерді, фотосуреттерді, схемаларды, әсіресе техникалық құралдарды, киноға түсіру, магнитофонға жазу және т. б. кеңінен пайдаланылады. Бақылау материалдары арнайы күнделікке, хатнамаға жазылады.

Кейде педагогикалық бақылау материалдарын зерттеуші сауалнама мәліметтерімен толықтырылады. Оқушылардың мектеп қызметкерлерінің, ата – аналардың сұрақтарға берген жауаптары зерттеліп отырған проблемаға қорытынды жасау үшін зор тірек.

Бақылау әдісі зерттеу жұмысының алғашқы кезеңдерінде қолданылады. Бақылау әдісі арқылы педагогикалық құбылыстың процесі (оқушы санасында болатын психикалық процесс) жайлы толық сенімді мәліметтерді алуға болады. Бақылау әдісіне сүйеніп, оқушылардың сырттай мінез – құлқын түрлі іс — әрекеттерін, сұрақтарға берген жауаптарын зерттеп жазып алуға болады. Осы жағдайлар ескеріліп, бақылау әдістерімен ұштастырылып жүргізіледі.

Әңгіме әдісі. Бақылау мәліметтерін әңгіме әдісі арқылы түскен материалдармен толықтырылады. Әңгіме әдісін дұрыс қолдану үшін арнайы жоспар жасап, онда негізгі сұрақтар мен жанама сұрақтардың әңгіме жсаудың әдістері мен тәсілдерінің нақты көрсетілгені жөн.

Педагогикалық құбылыстарды анықтау үшін әңгіме мұғалімдер мен сынып жетекшілері, мектеп басшылары мен ата – аналар және басқа да қажетті адамдармен жүргізіледі. Әңгіме барысында зерттеуші жеке адамдардың дербес ерекшеліктерін еске алады. Кейде әңгімеге қатысушы шәкірттер зерттеушінің сұрақтарына ойдағыдай жауап-бере бермейді, керек десе, олар сақтанып, өздерінің ойын шын мағынада айтып беруден де бас тартады. Сондықтан аңгіме зерттеушіден үлкен дайындықты, зор шеберлікті, зейінділікті талап етеді.

Әңгіменің барысы хатнамаға жазылады. Кейде зерттеушілерге елеусіз жағдайда әңгімені магнитофон арқылы жазып алуға да болады. Әңгіме әдісі эксперимент және бақылау әдісі мен байланыстырылып жүргізілгенде ғана нәтиже береді.

Мектеп құжаттарын зерттеу. Оқу және тәрбие жұмысындағы кейбір күдікті мәселелерді құжаттарға сүйеніп зерттеуге болады. Бұл мектеп және мектептен тыс тәрбие мәселелеріндегі құжаттар мен архив мәліметтері. Мектеп құжаттарына сынып журналдары, оқушылардың күнделіктері, сыныптың оқу тәрбие жұмысының жоспары, үйірме жұмыстарының жоспары мен есебі, үйірме мүшелерінің баяндамалары, педагогикалық тақырыптарға жазылған мұғалімдердің баяндамалары мен ғылыми мақалалары жатады. Педагогика тарихының проблемаларын архив мәліметтеріне сүйеніп зерттейді.

Құжаттар мен жан –жақты және терең танысу зерттеушінің шынайы мәліметтермен қаруландырады, оқу тәрбие жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді ашып, тиісті қорытынды шығаруға мүмкіншілік береді.

Оқушылардың жұмысын зерттеу. Оқушылардың жазба, бақылау және графикалық жұмыстары, суреттері, пәндер бойынша дәптерлері, әр түрлі тақырыптарға жазылған баяндамалары мен рефераттары және еңбек сабақтарында жасалған заттар зерттеушінің кейбір қажетті мәліметтермен қаруландырады. Осы жұмыстар оқушылардың дербес қабілетін оқуға және еңбекке көзқарасы мен қатынасын, олардың теориялық және дайындықтарын, осыған орай, мұғалімдердің де іс-әрекеттерін зерттеп анықтауға болады.

Зерттеуші оқушылардың жұмыстарына жан-жақты талдау жасайды. Сабақ барысында оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуінің, олардың жаппай және дербес орындайтын жұмыстарын жүргізуді және осы сияқты дидактикалық проблемаларды қолданудың тиімді жолдарын іздестіреді:

Эксперимент. Эксперимент деп нақты жағдайды есепке алып, педагогикалық процесі зерттейтін ғылыми тәжірибені айтады. Педагогикалық эксперименттерге сүйеніп, зерттеуші оқығудың және тәрбиенің тиімді тәсілдері мен әдістерін, формалары мен мазмұнын тексереді. Экспериментті зерттеулердің нәтижелері, әдеттегі жағдайда жүргізілетін педагогикалық жұмыспен салыстырылады. Сондықтан эксперимент мәліметтерін салыстыру үшін екі объекті алынады. Олардың бірі— экспериментті, екіншісі — бақылау объектісі деп аталады. Эксперименттік объектіде, мысалы, эксперимент зерттеушінің ғылыми жоба ұсынбасы бойынша, ал бақылау объектісінде — әдеттегі оқу бағдарламалары мен оқулықтарға сәйкес жүргізіледі.

Мектеп жағдайында бір топ оқушыларды немесе толық сынып ұжымын мектептен тыс жағдайда өндірістік звено немесе бригаданы эксперимент объектісі етіп, ал екінші бір топ оқушылардың немесе толық сынып ұжымын, сол сияқты өндірістік звеноны немесе бригаданы объектісі етіп алуға болады.

Зерттеу жұмысы нәтижелі болу үшін экспериментті және бақылау топтарындағы, сыныптардағы, бригадалардағы оқушылардың сан және сапа жағынан теңдестіріліп алынған жоғ. Сонымен бірге мұғалімдердің қабілетінің білімі мен стажының да шамалас болғаны шарт.

Педагогикалық экспериментті зерттеуші өзі жүргізсе белсенді эксперимент, ал зерттеушінің ғылыми жазба ұсынбасы бойынша екінші бір адам жүргізсе енжарлы эксперимент деп айтады.

Соңғы кезде педагогикалық әдебиеттерде эксперименттің бірнеше түрлері қолданылып келеді. Олардың бірі — табиғи эксперимент — бұл сыйыпты, бүкіл ұжымды оқу – тәрбие процесін бұзбай, педагогикалық проблемаларды зерттеу үшін әдеттегі жағдайларда жүргізіледі.

Мектептердегі озат тәжірибелерді зерттеу барысында пайда болып болжамды анықтау үшін тексеру эксперименті қолданылады. Мысалы, педагогикалық ғылыми-зерттеу институттары жаңадан жасалған оқулықтардың немесе оқу бағдарламаларының тиімділігін арнаулы мектептерде тексеру эксперименті арқылы зерттейді.

Тұтас педагогикалық процестің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, принциптері мен әдістерін жаңадан құру үшін арнаулы эксперимент жүргізіледі. «Мұны жасампаз эксперименті деп атайды.

Экспериментті жасанды жағдайда да жүргізуге болады. Кейде жете бақылау мен тексерудің нәтижесінде оқыту мен тәрбиенің кейбір әдістері мен тәсілдеріне өзгерістер енгізуге болады. Бұл жағдайда педагогикалық құбылыстарды ұқмтылықпен бақылау үшін сынып ұжымынан бір топ бала бөлініп алынады да, олармен арнаулы эксперимент жүргізіледі. Эксперименттің мұндай түрін лабораториялық эксперимент деп атайды.

Әрбір эксперименттің мақсаты зерттелетін тақырыптың сипаты мен мазмұнына, ал мерзімі — мақсатына байланысты.

Эксперимент басқа ғылым-зерттеу әдістеріне қарағанда жақсы нәтиже береді. Бірақ эксперименттің барысында ғылыми материалдарды толықтырып жинақтау үшін бақыдау, әңгіме, құжатрмен танысу сияқты зерттеу әдістері де қолданылады. Сонымен бірге, зерттеу барысында техникалық құралдардың да кеңінен пайдаланылғаны жөн.

Соңғы кезде педагогикалық әдебиеттерде материалдық және киберникалық зерттеу әдістерін пайдалану мәселелері сөз етіле бастады. Бұл әдістерді қолданудың кейбір тәсілдері Ительсонның кітабында көрсетілген. Математикалық және кибернетикалық әдістер техника мен жаратылыстану ғылымдарында кеңінен қолданыла бастады. Осы әдістерге сүйеніп, кибернетиканың, математикалық статистиканың, ықтималдықтар теориясының жетістіктерін педагогикалық зерттеулерде пайдалануға болады, бірақ, педагогикалық ғылымда бұл әдістерді қолдану мәселелері әлі өз дәрежесінде шешілген жоқ. Өйткені, педагогикалық құбылыстардың сапалық өзгерістері мен өзара сандық байланыстарын арнайы өлшеу арқылы анықтау өте күрделі проблемалардың бірі. Мысалы, сабақ процесіндегі қабілетін, белсенділігін немесе құлықтық сапасы (патриотизм мен интернационализм, адалдық пен шындық) сияқты педагогикалық құбылыстарды өлшеуге боларма еді? Әрине, бұл сұраққа бірден болады деп жауап беру мүмкін емес. Себебі, баланың іс-әрекеті, мінезқұлқы оның әлі де толық танылмағаны психикасына байланысты.

Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері тек қана ғалымдардың төл ісі болман, барлық мұғалімдердің игілігіне айналуы қажет. Мұғалім өз жұмысында зерттеу әдістерін ғылыми негізде меңгеріп, социология және психология ғылымдарының әдістерімен ұштастырып жүргізе білгенде ғана өзінің және басқа мұғалімдердің тәжірибелерін жан-жақты зерттей алатын болады.

4-ДӘРІС. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ УНИВЕРСИТЕТ

Мақсаты: Білім беру жүйесінде жоғары мектептің алатын орнын түсіндіру.

Жоспары:

3. Болон процесіне ерудің ерекшеліктері
4. Әлемдегі білімнің негізгі даму тенденциялары
5. Білім саясатының өзекті мәселелері

Негізгі ұғымдар: Болон процесі, білім кеңістігі, үйрену диверсификациясы, бүкіләлемдік процесс

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі – білім. Білім – ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын арқауы.

Еуропалық білім кеңістігіне ену – қазіргі кезеңнің басты шындығы, уақыт талабы. Жоғары білім беруде біз Болон процесіне ендік. Жалпы еліміздегі білім жүйесі батыстық білім беру жүйесіне бағытталып отыр. Мамандар, ғылыми педагогикалық қызметкер даярлауда үш деңгейлі «бакалавр-магистр-доктор

(философия докторы (Ph), бейінді доктор)» білім беру жүйесіне көштік. Кредиттік оқыту жүйесі оң бағыт алды.

Қоғамдық даму динамикасы екпінді дамып келеді. Адамдардан меңгеру және жинақталған тәжірибені өз тіршілік әрекетінің шартына қолдану қабілеттілігі ғана талап етілмейді, сонымен қатар қалыпсыз жағдайларда әрекет ету, қатерге дайын болу талап етіледі. «Бүгінгі күні сәби болу және есею қиындап келеді, себебі социализация және өмір сүру шарттары импульсті, тұрақсыз және шексіз болып келеді».

Қазіргі білімнің тенденцияларын талдай отырып, қазіргі әлемдегі білімнің келесі негізгі даму тенденцияларын ерекшелеуге болады:

- «Білім=үйрену» парадигмасы «білім=қалыптасу» парадигмасына ауысуы.
- Білімнің негізгі қоғамдық капиталға айналуы.
- үздіксіз білім алу тұжырымдамасының дамуы.
- үйренуді біртіндеп жекелендіру.

Үйрену диверсификациясы (диверсификация жаңа білім мекемелерінің ұйымдастырылуымен, қоғамдық мекемелерге білім беру функцияларының берілуімен, оқытудың жаңа бағыттарының енгізілуімен және жаңа пәндердің енгізілуімен байланысты. Білім алушыларды қабылдау процедурасы, оқытудың әдіс-тәсілдері өзгереді. Білім алуды басқару жүйесі, оқу орындарының құрылымы және олардың қаржылану тәртібі қайта ұйымдастырылады.

Ғаламдандудың бүкіләлемдік процестерімен сәйкес білімнің ынтымақтастығы. Білімнің ынтымақтастығы, керісінше, ұлттық жүйелердің жақындауына, оларда ортақ әмбебап концепттер және компоненттердің табылу және дамуына бағытталған. Ынтымақтастық құралы ретінде студенттермен, оқытушылармен және зерттеушілермен айырбас жасау, дипломдар және ғылыми дәрежелерді мойындау, білімнің жалпы стандарттарын құру болып табылады.

Қазіргі мектептегі білім беруде, қашықтан оқытуды дамытуда жаңа технологияларды, интернет-технологияны қолдану процессін белсенділендіру.

Еуропа кеңесі қазіргі өркениеттің кез келген өкілі меңгеруі тиіс құзыреттің бес негізгі тобын анықтады (құзырет талаптарды іске асырудағы Болон процесінің талаптары бойынша):

Саяси және әлеуметтік: (бірлесіп шешім қабылдауға қатысу, өзіне жауапкершілік алу)

Көпмәдени қоғамдағы өмірге қатысты құзырет (айырмашылықтарды түсіну, өзара сыйласу, мәдениеті, тілі, діні басқа адамдармен қатар өмір сүре білу қабілеттілігі)

Ауызша және жазбаша қарым-қатынасты меңгеруге қатысты құзырет, соның ішінде шет тілдерді меңгеру құзыреті

Ақпараттық қоғамның пайда болуымен байланысты құзыреттер, (электронды құзыреттілік).

Өмір бойы оқи білу қабілеттілігі – кәсіби дамуда, сонымен бірге жеке, қоғамдық өмірде үздіксіз дайындалудың негізі.

Электронды құзыреттілік

Болон процесінде талап етілетін өзгерістердің қажетті бір бөліктері.

Оқытудың жаңа жолының мақсаты – электрондық технологияларды қолдануға негізделген оқытушылар және студенттерді оқытудың инновациялық сценарийларына тарту (e-learning)

21 ғасырға ЮНЕСКО болжамы:

Күндізгі оқу уақыттың 30-40% алады

қашықтан оқыту 40% алады

Қалған уақытты e-learning көмегімен өз бетімен білім алу алады

Бағдарламаларды құру құралдары

Күнделікті қолданылатын құралдар: Word, PowerPoint; Imaging т.с.с.

Күнделікті интернет құралдары: Websites/HTML, Forum, Chat, Muds/Moos (formerly), Newsgroups;

Blogs, WIKIs, Podcasts т.с.с.

Web редакторлар: Hefs т.с.с.

Анимация жасау: Flash, т.с.с.

CBT/WBT Authoring Tools (CBT – компьютерді қолданып оқыту, WBT - Web технологияны қолданып оқыту): Director т.с.с.

Арнайы құралдар: Adobe Presenter, Camtasia for Screen- and Podcasts

Кіріктірілген оқытатын платформалар

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті педагогикалық іс-әрекетте оқыту технологияларын кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді.

Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі адам қызметінің басым бөлігін ақпараттандырумен, компьютерлендірумен ерекшеленеді. Соған байланысты мұғалімдердің қызмет аясы кеңейіп, ақпараттық-

компьютерлік іс-әрекетінің практикалық сұранысы артуда. Қоғамдық прогрестегі жетістіктер болашақ ұрпақтың білімі мен тәрбиесіндегі жетістіктерге, ал ол өз кезегінде жаңа формация мұғалімінің білік деңгейіне байланысты. Сондықтан да мұғалімдердің инновациялық біліктілігі проблемасы аса назар аударуды талап етеді.

Осыған байланысты педагогикадағы жаңалықтарды жасаушыларды ерекше атап өту қажет. Себебі, инновациялық дамудың негізгі түсініктерін ашу жаңалықтарды іске асырушы адамдарсыз мәнсіз болып табылады. Педагог-новатор нақты жаңалықты жүзеге асырушы сонымен бірге, жаңалықты жасаушы немесе үлгісін көрсетуші.

Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалім қалыптастыруға бағытталады.

Педагогикалық жаңалық - жаңа идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, педагогикалық процесс элементтерінің бірлігінің немесе жеке элементтерінің білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді тиімді шешу жолы.

Педагог-инноватор - субъект, үнемі инновацияны жасаушы, өз іс-әрекетін өзгертуге, жетілдіруге ұмтылушы. Инновациялық іс-әрекет субъектісінің басты мінездемесі-саналы түрде әрекет ете білу (өз инициативасының субъективті мүмкіндіктерімен қоғамдық тәжірибеге енгізу негіздерін өз әрекетінде көрсете білуі).

Қазіргі жағдайда инновациялық процестер – жылдам басқару мәселесі педагогикалық инноватиканың құрылымында негізгі түйіні. Ғылыми білімнің саралануы, олардың үздіксіз дамуы білім беру мазмұнына көлемді практикалық және теориялық материалды қосуды талап етеді. Алайда, мектепте жоғары оқу орнында оқыту уақыты шектеулі болғандықтан, заман талабынан шығатын маманды дайындауға жеткілікті білімді саралауды таңдап алу мәселесі көтерілуде.

Инновациялық процестерді олардың дамуындағы тенденциялары мен қайшылықтарды аша отырып талдау қажет. Инновациялық процестер - бүкіл әлемнің білім беру жүйесі дамуының негізгі және қажетті тенденцияларының бірі болып табылады.

Педагогикалық жаңалықтарды жасау, игеру қолдауды біріктіретін инновациялық процесстер білім беруді және мектептегі оқу процесін жаңарта алатыны сөзсіз. Сондықтан да, инновациялық процестерді игеру, жасау, қолдану мәселелерін талдау және жүзеге асыру білім беру жүйесінің әр түрлі баспалдақтарында кеңінен қолдануда.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

дәріс -5 ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мақсаты: магистранттарға оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білім, білік, дағдалырн қалыптастыру.

Жоспар:

1. Оқытудың кредиттік технологиясының мазмұны
2. Өзіндік жұмыс ерекшеліктері

2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, білім беру жүйесінде Қазақстанның Болон процесіне енуіне жағдай жасалынды.

Оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі жүйесінің орнына студенттердің өздік белсенді жұмыс істеуін ынталандыруды, жеке білім траекториясын таңдауды, мобильділікті, академиялық еркіндіктің кеңдігін қамтамасыз ететін, әлемдік білім кеңістігінде білім беру құжаттарын тануға мүмкіндік беретін оқытудың кредиттік жүйесі енгізілді.

Кредиттік жүйемен оқытудың басты ерекшелігі: әлемдегі білім берудің ең үздік технологиялық тәжірибелерін қолдана отырып, елімізге қажетті мамандарды сапалы дайындап шығару.

Мұнда бұрыннан қолданылып жүрген оқытудың әдіс-тәсілдерімен қатар жаңаша көзқарас тұрғысында студенттің ізденуіне, сапалы білім алуына жағдай туғызу қарастырылған.

«Кредиттік технология» атауы студенттердің оқу жұмыстары көлемінің бірыңғайланған өлшеу бірлігін білдіретін «кредит» сөзінен шыққан.

Кредит сөзінің мағынасы - сенім, яғни студентке сенім білдіру арқылы оның білімін көтеруіне, өздік ізденісіне, әрбір өтілген тақырыпты шығармашылықпен меңгеруіне жол ашу. Кредиттік оқыту оқытудың бірізді емес (сызықтық) жүйесіне жатады.

Оқытудың бірізді емес жүйесі – студенттердің белгілі бір деңгейде (оқытудың қосымша түрі мен таңдауы бойынша компоненті) білім алу процесін жүйелі түрде жекелей жоспарлау мүмкіндігін белгілейтін, оқу процесін ұйымдастыратын тәсіл.

Өз бетімен оқудың жүйе ретінде өзіндік құрылымы бар. Студентке өз бетімен оқу іскерлігін тез игеру үшін кейбір қалыптасқан әдістер мен тәсілдерді пайдалану қажет. Оны құрылымдық элементтерге ойша бөліп қарастырайық:

- дәріс конспектісін оқу;
- ғылыми әдебиетті оқу және талдау;
- конспект жасау;
- бақылау (курстық) жұмыстарын жасау;
- емтихан (сынаққа) дайындалу.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫҢ КЕҢ ТАРАҒАН ТҮРЛЕРІ:

- оқулықпен жұмыс,
- психологиялық есептер шығару,
- эссе жазу,
- тапсырмалар орындау,
- мазмұндама және бақылау және т.б.

Оқытудың кредиттік жүйесінде, негізінен, СӨЖ дәрісханада оқытушының басшылығымен және дәрісханадан тыс уақытта ұйымдастырылады.

- Жиі қолданылатын өзіндік жұмыстардың мынадай формаларын атауға болады:
- машықтық, зертханалық сабақтарға дайындық;
- коллоквиумға, сұрақтарға дайындық;
- үй тапсырмасы мен бақылау жұмыстарын орындау;
- дәрісханалық бақылау жұмысына, тестке дайындалу;
- баяндама, эссе, реферат жазу;
- түрлі ойындарға дайындық;
- курстық жұмыс;
- практика бойынша есеп жазу;
- диплом жұмысы т.б.

Өзіндік жұмыс студент бойында ұйымдастырушылық, тәртіп, еріктілік, мақсаткерлік, құбылысты талдау білігі, ізденімпаздық, белсенділік сияқты қасиеттерді дамытады.

Кейбір авторлар өзіндік жұмысты тапсырма берушінің нұсқауы арқылы жүзеге асатын әрекет ретінде қарастырса (А.К.Маркова), Ф.М.Фатыхова және С.И.Галаяитдинова зерттеулерінде студенттердің өз бетімен жұмысын ұйымдастыруда төмендегідей міндеттерді іске асыру айтарлықтай әсерін тигізеді деп көрсетілген:

Оқытылатын пән ерекшелігін ескере отырып, әдебиетпен өз бетімен жұмыс істеудің принциптерін жасау;

Студенттерді аудиториядан тыс жұмыстардың әртүрлі формаларымен таныстыру: рефераттар, ғылыми баяндамалар, курстық және дипломдық жұмыстар жазу, педагогикалық практика кезінде ғылыми микро зерттеулер жүргізу және оларды орындау талаптарымен де таныстыру;

Білімдерді бақылаудың тиімді формасы ретінде бақылаудың рейтингті жүйесін қолдану;

Психологиялық пәндердің барлық тараулары бойынша бағалаудың тестік тапсырмаларын жасау;

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы студенттердің шығармашылығын жетілдіруге мүмкіндік жасап, оларды жаңаша ойлауға машықтандыру.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ЖІКТЕЛУІ

Студенттің өз бетімен білімін жетілдіруі дидактиканың негізгі мәселелерінің бірі болып саналады. Өдіскер ғалымдар студенттердің өз бетінше жұмысын (СӨЖ) үш қырынан, яғни *мазмұндық, мотивтік, оперативтік* тұрғыдан қарастыруды тиімді деп көрсетеді.

Мазмұндық аспектісіне дерек, анықтама, қорытынды, ереже, пайымдауларды іріктеу, оқулық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді мұқият талдау саралау жатады. Соның нәтижесінде өзіндік бір ғылыми болжам жасау.

Мотивтік аспектісі - өзін-өзі реттеу (*И.П.Павлов, Н.А.Бернштейн, П.К.Анохин*); өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, өзіндік сана сезім, ойлаудың рефлексиялануы, мақсат құру өз іс-әрекетін модельдеу, ғылыми танымдық қызығушылығы мен ерік-жігерін шыңдау; ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай білу.

Оперативтік аспектісі өз бетінше орындалатын жоспарлар, тапсырмалардың біртіндеп өз кезегімен күрделеніп отыруын қамтамасыз ету.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын түрлендіріп өткізу олардың теориялық білімдерін молайтып, ізденімпаздыққа жетелейді.

Жоғары оқу орындарындағы оқу-танымдық өзіндік жұмысты дидактикалық шарттары мен ерекшеліктеріне қарай бес топқа жіктеуге болады:

1. *Жаңа теориялық білімді игеруге арналған өзіндік жұмыстар.*
2. *Жаңа эмпирикалық және практикалық білім алуға арналған өзіндік жұмыстар.*
3. *Шығармашылық бағыттағы өзіндік жұмыстар.*
4. *Білік және дағдыны қалыптастыруға арналған өзіндік жұмыстар.*
5. *Алған білімдерін бекітуге және жүйелеуге арналған өзіндік жұмыстар.*

Жаңа теориялық білімді игеруге арналған өзіндік жұмыстар. Мұндай жұмыстарға өз бетімен әдебиеттерді оқу, жоспар құру, тезис, конспект жазу, логикалық тапсырмалар орындау, өз бетінше глоссарий құрастыру, ғылыми түсініктер қалыптастыратын түрлі жұмыстар жасау.

Жаңа эмпирикалық және практикалық білім алуға арналған өзіндік жұмыстар атауына сәйкес эмпирикалық, практикалық білім қажеттігі мынадай дидактикалық шарттарға байланысты: біріншіден, өзіндік жұмыс үрдісі сәйкесінше практикалық білім және эмпирикалық тұрғыда орындалуы қажет; екіншіден, мұндай өзіндік жұмыс түрі арнайы дидактикалық материалдарды талдауды қажет етеді. Өзіндік жұмыстың бұл түрі танымдық іс-әрекетті қалыптастыруда және ақыл-ой мен эмпирикалық, практикалық білім игеруде жетекші рөл атқарады.

Шығармашылық бағыттағы өзіндік жұмыстардың мақсаты оқу материалы негізінде шығармашылыққа ұмтылу, соның нәтижесінде жаңалық ашу, жаңаны игеру.

Білік және дағдыны қалыптастыруға арналған өзіндік жұмыстарға жалпы оқу және кәсіби білік, дағды қалыптастыратын жұмыстар жатады.

Алған білімдерін бекітуге және жүйелеуге арналған өзіндік жұмыстар жоғарыда көрсетілген өзіндік жұмыс түрлерін орындау үрдісінде жүзеге асады.

. Студенттердің өзіндік жұмысын (СӨЖ) ұйымдастыру барысында түйінделген ойлар:

• Оқытушы көбіне бағыт бағдар беруші, өзіндік жұмысты орындау кезінде студенттер өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады.

• Әр студент өз білімінің деңгейін анық байқайды, білімді жүйелі түрде өз бетінше алуға үйренеді.

• Студенттердің ауызша және жазбаша баяндау дағдысы қалыптасады.

• Жазба жұмыстарын сауатты жазуға, сөйлемдерді стильдік тұрғыдан дұрыс әрі көркем жазуға машықтанады, ойы ұшқырланады.

• Студенттердің танымдық қабілеттерін де, танымдық үрдістерін де дамытуға мүмкіндік береді.

• Қажетті білімді меңгеру студенттердің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытуға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

6-дәріс ДИДАКТИКА: ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жоспар:

1. Дидактика – оқытудың теориясы.
2. Оқытудың категориялары.
3. Оқытудың қағидаларымен қозғаушы күштері

Дәрістің мақсаты: жоғары мектептің тұтас педагогикалық үдерісіндегі оқытудың мақсаты мен міндеттері, әдістері мен принциптері, атқаратын функциялары туралы теориялық және практикалық білімдерді қалыптастыру.

Негізгі ұғымдар: дидактика, оқытудың қазіргі теориялары, оқудың гуманизациясы, индивидуалды оқыту теориясы, тұжырымдама.

Дәрістің негізгі мазмұны

Дидактика – оқытудың теориясы. Дидактика – білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы. Бұл ұғымды ғылымға алғаш енгізген неміс педагогі Вольфганг Ратке (1571-1635) шығармаларында қолданып оқыту өнері мәнін негіздеген. Дидактиканың ғылыми негізін салған чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский (1592-1670). Оның «Ұлы дидактика» (1632) кітабында оқытудың мақсат, принциптері, әдістері, сынып сабақ жүйесі туралы баяндалған. Оның ойы бойынша, дидактика «нені оқыту» және «қалай оқыту керек» деген сұрақтарға жауап береді. Заманауи ғалымдардың зерттейтін сұрақтары: кімді, қалай, қайда, неге оқыту

Дидактика гректің «didaktikos» – оқытушы, үйретуші деген сөзінен шыққан. Дидактика – бұл оқу және білімдену олардың мақсаттары мазмұны, әдістері және құрал жабдықтары, ұйымдастырылу мен нәтижелері жөніндегі ғылым. Дидактика – педагогиканың маңызды саласы. Қазіргі түсінік бойынша, дидактика – білім беру мен оқыту мәселелерін зерттейтін ғылым саласы. Ол оқыту теориясы деп те аталады. Дидактиканың зерттеу пәні – оқыту мен оқудың себептері, барысы, нәтижелері.

Дидактиканы дамытуда Я.А.Коменский, И.Ф.Гербарт, Д.Дьюи, К.Д.Ушинский, П.Ф.Каптерев, М.А.Данилов және т.б. үлкен үлес қосты. Жоғары мектеп дидактикасы мәселелерімен айналысқан Ресейлік ғалымдар: Н.И.Пирогов, С.И.Архангельск, А.А.Вербицкий, Б.С. Горшунский, В.И.Загвязинский, А.В.Петровский, А.А.Реан, В.Е.Шукшунова, В.А.Якунина, Ф. Янушкевич және т.б. Қазақстанда жоғары мектеп дидактикасының жеке мәселелерін қарастырған ғалымдар: А.Е.Әбілқасымов, С.А.Әбдіманов, Б.А.Абдикаримов, М.Н.Сарыбеков, Н.Д.Хмель, Н.Н.Хан, Г.А.Уманов, С.А. Ұзақбаева, Г.К.Нұрғалиева, Г.Т. Хайруллин, А.П. Сейтешов және т.б.

Оқу процесі – бұл білім беру, игеру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушы арасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс әрекет. Дидактика ғылым ретінде төмендегідей мәселелерді қарастырады:

- не үшін оқытамыз (оқыту мен білім берудің мақсаты);
- кімді оқытамыз (оқыту субъектілері);
- оқытудың қандай стратегиялары тиімді (оқыту принциптері);
- неге оқытамыз (білім беру, оқыту мазмұны);
- оқытуды қалай ұйымдастырамыз (оқытуды ұйымдастыру формасы);
- оқытуға қандай құралдар қажет (оқулықтар, оқу құралдары, компьютерлік бағдарламалар, дидактикалық бағдарламалар және т.б.);
- оқыту нәтижесінде неге қол жеткіземіз (оқыту нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштер мен өлшемдер),
- оқыту нәтижелерін қалай бағалауға және бақылауға болады (оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау әдістері).

Дидактиканың зерттеу пәні – оқыту мен оқудың себептері, барысы, нәтижелері.

Дидактиканың дамуы білім беру мен оқыту проблемаларын терең зерттеуге, педагогикалық озат тәжірибені зерттеп жинақтауға және оқыту мен тәрбие процесіне енгізуге байланысты. Дидактика жалпы орта білім беру тұжырымдамасы, үздіксіз білім беру жүйесі, жоғары білім беру теориясы т.б. мәселелерді зерттейді.

Дидактиканың ғылыми-теориялық қызметі: білім беру мен оқыту процесінің мәні мен заңдылықтарын, мазмұнын, принциптерін, ұйымдастыру формалары мен әдістерін зерттеу. Дидактиканың қолданбалы қызметі: білім мазмұнын оқыту мақсатына сәйкестендіру, оқыту принциптерін белегілеу, оқытудың тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын анықтау, жаңа технологияларды жасап енгізу. Дидактика педагогиканың жалпы категорияларын (тәрбие, педагогтік іс-әрекет, білім беру) пайдаланады.

Оқытудың атқаратын қызметі:

Оқыту атқаратын қызметіне келер болсақ, ол білімдендіру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастырушылық қызметін атқарады.

Білімдендіру қызметінде оқыту процесінде білім, білік, дағдының қалыптастырылуы көзделеді. *Білім* нақты айғақтарды, ұғымдарды, мәләметтерді, ережелерді, заңдарды, теорияларды, формулаларды есте сақтау. *Білік* ережелерге сүйене отырып кез-келген іс-әрекетті жүзеге асыра білу немесе білімді тәжірибеде қолдана білу. *Дағды* саналы іс-әрекеттің автоматтандырылған компоненті.

Тәрбиелеу қызметі әлеуметтену процесінің табиғи жағдайына байланысты туындайды. Оқыту процесінде алынған білімдеріне сай олардың көзқарастары, олардың ғылыми дүниетанымы, құндылық дүниесі, адамгершілік қасиеттері қалыптастырылады.

Дамытушылық қызметі тұлғаны әр жақты дамытуды, яғни ойлау, сөйлеу, іс-әрекет және т.б. қасиеттердің дамуын көздейді. Бұл мәселеде дамыта оқытуға байланысты П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин және т.б. жүйе құрған.

Ұйымдастырушылық қызметі оқыту процесінің тиімді нәтиже беруіне байланысты ұйымдастыру жолдарын белгілейді.

Педагогикалық процестің үш құрылымы болады: педагогикалық, әдістемелік, психологиялық.

Жоғары мектептегі оқытудың құрылымы: мақсатты оқыту, мазмұнды оқыту, құралдар, форма, әдістер, түрлері, оқытудың нәтижесі. Жоғары мектептегі оқыту процесінің құрылымына мынадай компоненттер жатады:

- мазмұндық компонент – жоғары мектептегі оқытудың мақсаты мен міндеттері кіреді; мазмұндық компонент – бұл кәсіптік қызметпен өзіндік білімдендіру, қарым-қатынас пен іс-әрекетті меңгерудегі білім, білік, дағдыларды анықтайды;

- процессуалды компонент – жоғары білім беру мазмұнын меңгеруде жоғары мектептегі мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру бағытында оқытуды қабылдау құралдары, әдістері, түрлерін сипаттайды;

- бақылау, бағыттау компоненті; нәтижені бағалау компоненті – бұл студенттің жоғары мектептегі оқыту процесінің оқыту нәтижесі мен тиімділік дәрежесіне жетуі.

Сонымен қатар дидактиканың категориялары да бар: білім беру, оқыту, оқу, оқыту принциптерін, оқыту процесі, мақсаты, міндеттері, мазмұны, түрлері, әдістері, құралдары, оқытудың нәтижесі. Кейбір категорияларға анықтама берейік.

Оқыту – оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту масатына бағытталған алдын- ала жоспарланған іс-әрекет.

Оқыту мазмұны - өкімет арнайы таңдап анықтаған белгілі салада жұмыс істеу үшін қажетті адамзат тәжірибесінің бөлшегі. Ол-оқытудың нәтижесі болатын білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Оқыту процесінің мәні, оның ерекшеліктері мен қызметі

Оқыту процесі – білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертетін, оқушылардың дүниетанымын, күш- қайратын, қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс-әрекет барысы. Оқу барысында оқушының сана-сезімі, адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамы, тұлғалық қасиеттері қалыптасып дамиды.

Оқытудың психологиялық, педагогикалық ерекшеліктеріне назар аударайық.

Оқыту-мақсатты процесс. Оқытудың басты мақсаты, әдіс тәсілдері мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарады.

Оқыту-таным процесі. Танымның ерекшелігі оқушыда білімге деген қызығушылығы ұдайы өсіп арта түседі.

Оқытудың міндеті – оқушыны айнала ортамен және адам дамуының негізгі заңдылықтарымен қаруландыру. Оқушы дүние тануда бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген жаңалықтарды, заңдылықтар мен тұжырымдарды әрі қарай дамыта түседі.

Оқытуда ғылым негіздерін оқып үйренудің өзі, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысу, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады.

Оқыту – даму негізі. Педагогикалық процесс өзіне тән негізгі екі белгіні : организмнің өзіндік дамуына жүйелі түрдегі көмек және жеке бастың жан – жақты жетілуін түйістіреді.

Мектептегі оқыту процесін іске асыру белгілі бір заңдылықтарды меңгеру негізінде жүзеге асады. Құбылыстар мен процестер арасындағы объектілі, маңызды, қажетті, жалпы, берік белгілі жағдайда қайталанатын өзара байланыс заңдылық деп аталады. Өзара байланысы бар объектілер байланыстың түрі, сипаты, қызмет аясы анықталған кезде заңдылықты заң деп түсінеміз.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

7 –дәріс. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Оқыту процесін іске асыру белгілі бір заңдылықтарды меңгеру негізінде жүзеге асады.

Оқыту процесінің заңдылықтары оның тұтастығын дәлелдейді. Оқыту заңдылықтарды сыртқы және ішкі, жалпы және жеке деп бөлінеді. Сыртқы заңдылықтар оқытудың қоғамдық шарттардан, саяси–әлеуметтік жағдайлардан тәуелділігін сипаттайды. Ішкі заңдылықтар оқытудың мақсаты, әдістері, құралдары, түрлері арасындағы байланыстарды сипаттайды. Жалпы заңдылықтар бүкіл оқыту жүйесін қамтыса, жеке заңдылықтар бүкіл оқыту жүйесін қамтыса, жеке заңдылықтар оқыту жүйесінің нақты, жеке бөліктерін қамтиды.

Оқыту процесінің жалпы заңдылықтары:

1. Оқытудың мақсаттары, мазмұны, сапасы мен әдіс–тәсілдері қоғам талабына, мүмкіндіктеріне, педагогика ғылымының даму деңгейіне тәуелді.

2. Білім беру, тәрбиелеу және дамыту өзара байланысты.

3. Оқушының таным белсенділігі артқан сайын, оқыту сапасы жоғарылайды.

4. Оқытудың тиімділігі кері байланысқа, қайталауға, түзету іс–әрекеттеріне тәуелді.

5. Әрбір тұлғаның жас және дара ерекшеліктеріне байланысты таным әрекетін ұйымдастыру.

6. Оқытудың мақсаттары, мазмұны, сапасы мен әдіс–тәсілдерінің өзгеріп, жаңарып, толықтырылуы.

Жеке заңдылықтарға дидактикалық, психологиялық, ұйымдастыру заңдылықтары жатады.

Оқытудың негізгі заңдары:

– Қоғамдық қатынастар, әлеуметтік құрылыс пен әлеуметтік тапсырыс тәрбие мен оқыту жүйесін қалыптастыруға ықпал етуі туралы заң.

– Білім алу, іс–әрекет жолдарын меңгеру және тұлғалық дамудың өзара байланысы туралы заң.

Педагогикалық процестің бөліктерінің бірлігі және біртұтастығы туралы заң.

Оқытуда теория мен тәжірибе бірлігі және өзара байланысты туралы заң.

Оқу іс–әрекетінің жеке және ұжымдық түрлерінің бірлігі және өзара байланысы туралы заң.

Заңдылықтар мен заңдар ғылыми теорияның негізгі бөліктері болып келеді. Кейбір зерттеушілер педагогиканың өз заңдылықтары мен заңдары жоқ, сондықтан ол ғылым емес деген пікірді білдіреді. Жоғарыда аталған педагогикалық заңдылықтар мен заңдар теріс пікірлерді жоққа шығарады.

Оқытудың жалпы заңдылықтары:

- оқыту мақсаты,

- оқыту мазмұны,

- оқыту сапасы;

- оқыту әдістері;

- оқытуды басқару;

- оқытуды белсендендіру.

Оқытудың жеке заңдылықтары:

- жеке дидактикалық (оқыту нәтижелері қолданылатын әдістер, құралдар мен оқытушының кәсіби біліктілігіне және т.б. байланысты);

- гносеологиялық (оқыту нәтижесі студенттің танымдық белсенділігіне байланысты);

- психологиялық (оқыту нәтижесі әр студенттің қабылдау меңгеру деңгейіне байланысты);

- әлеуметтік (индивидтің дамуы, оның басқа да индивидтердің қарым-қатынасына байланысты);

- ұйымдастырушылық (оқыту нәтижесі, оны ұйымдастырушының студенттерді қызықтыра алуына, белсендендіруіне байланысты);

Дидактикалық принцип – бұл жоғары оқу орындарында маман дайындау мақсатында оқыту тәжірибесіне бағытталған жоғары білім беру мен заңдылықтарды қатынасына байланысты жағдай.

Принцип (латын сөзі) – басшылыққа алатын идея, негізгі талап, қағида.

Оқыту принциптеріне төмендегідей түрлерін атауға болады. Олар:

- ғылымилық;

- саналылық пен белсенділік;

- көрнекілік;

- жүйелілік пен бірізділік;

- біртектілік;

- тиімділік;

- теория мен тәжірибенің байланыстылығы;

- жеткіліктілік.

Құбылыстар мен процестер арасындағы маңызды, қажетті, жалпы, берік, белгілі жағдайда қайталанатын өзара байланыс заңдылық деп аталады. Өзара байланысы бар объектілер, байланыстың түрі, сипаты, қызмет аясы анықталған кезде заңдылықты заң деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.

2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.

3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

8-дәріс. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚИТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Мақсаты: жоғары мектепте оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі әдістері мен түрлері және заманауи білім беруді ұйымдастырудың инновациялық әдістері мен түрлеріне сипаттамалар беру.

Жоспар

1. Оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі әдістері мен түрлері
2. Оқытудың инновациялық әдістер мен түрлері
3. Оқытудың дәстүрлі және заманауи әдістері мен технологияларының ауырмашылықтары

Негізгі ұғымдар: оқытудың дәстүрлі әдістері, инновациялық педагогикалық технологиялар, интербелсенді әдістер

Жоғары оқу орындарында білім берудің ұйымдастыру дәстүрлі және инновациялық түрлері бар. Дәстүрлі әдіске: дәріс, семинар, практикалық сабақтарды жатқызуға болады. Негізгі ұйымдастыру түрі теориялық білім негізін қалайтын – дәріс. **Дәріс** – Ежелгі Гректерде пайда болып, орта ғасырларда Ежелгі Римде одан әрі дами бастады, алғашқыда латын тілдерінде жүргізілді. Пән мұғалімі кітаптар оқыды, мәтінге өз тарапынан көзқарас білдірді. Ортағасырлық университеттерде таңертең қарапайым түрде дәрістер оқылды, ал кешке – қысқаша түрде қайталанып отырды.

Дәрістен шыққаннан кейін студенттер бірлесе отырып дәрістің мазмұнын еске түсіріп талдаулар жасады. Дәріс (латын тілінен «lectio» - оқу) жоғары оқу орындарында дәстүрлі және басқаратын оқытудың түрін білдіреді. Дәріс – монолог ретінде жүзеге асатын жауапты публикалық қойылым болып табылады. Дәріс беруші аудитория (студенттер) алдында түзетусіз «таза» сөйлеуі қажет.

Білім берудегі дәстүрлі оқытудың тағы бір түрі: семинар **Семинар** – латын тілінен енген (seminarium)-білім қалыптастырушы, ойды негіздеуші. Студенттердің таным процесінде қызығушылығы артады. Семинарды өткізудің мақсаты – алынған теориялық білімі бойынша білімін тереңдету. Білім алушыларға өзіндік ізденіс дағдысын, ақпаратқа анализ жасауға және де ғылыми ойлаудың дамуын қалыптастыру. Семинар – шығармашылық пікір сайыстарға қатысуға, дұрыс шешімдер қабылдай білуге, өзіндік көзқарас танытуға мүмкіндік береді. Семинарды өткізудің негізгі міндеті: дәрісте алған білімді бекіту, өзіндік жұмыстардың тиімділігі мен нәтиже беруін тексеру, алдағы мәселені шешуде өзіндік мүмкіндіктерді көрсете білуге машықтандыру.

Жоғары мектепте оқыту: ауызша, жазбаша оқыту, иллюстрация, демонстрация, практикалық оқыту әдістері болып жіктеледі. Ауызша оқыту әдісі – әңгіме, түсіндіру, пікірсайыс, дәріс оқу т.б. Бұлар оқытушы іс-әрекетінің негізгісі, ал шешендік шеберлікке ие болған оқытушы шектеулі уақытта көптеген керекті мағұлматтарды шебер жеткізуге мүмкіндік береді. Жазбаша оқыту әдістеріне жоғары мектепте электронды әдіспен оқытуды жатқызуға болады және ол студенттің өздік әрекетімен сипатталады. Иллюстрация әдісі: кесте, схема, суреттер, тақтамен жұмыс т.б. Демонстрация әдісіне: видео жазылым, фильмдер, модельдеу т.б. жатқызсақ, практикалық оқыту әдісіне: жаттығулар, лабораториялық жұмыстар, шеберханада жұмыс, т.б. жатады.

Инновациялық оқыту технологиялары. "Оқыту технологиясы" ұғымы педагогикада және жеке әдістемеді әсіресе соңғы уақытта кең таралып отыр. Байқауымызша, бұл ұғымның педагогикада пайда болуы техногендік өркениеттің дамуымен байланысты және XX ғасырдың басындағы Еуропаның елдері мен АҚШ-та "технология" ұғымының өзі де, оған байланысты мәселелер де арнайы зерттеулерге арқау бола бастаған кезге жатады. XX ғасырларда педология шеңберінде "педагогикалық технология" термині туындады. Осы кезеңде педагогикалық техника ұғымы да кеңінен қолданылады. "Педагогикалық технология" ұғымы рефлексология идеяларына негізделген.

"Білім берудегі технология" термині оқытудың техникалық құралдарын (ОТК) қолдаумен техникалық құралдарын қолдану әдістемесі мәселелерін қарастыруда оқыту технологиясы (50-60 жж.), сондай-ақ педагогикалық технологиялар термині қолданыла бастады. 60-жылдары педагогикалық технология қандай да бір әдістемені, мысалы, бағдарламалық оқытуды ғылыми негіздей отырып қолданылуы тиіс деген түсінік қалыптасты. 70-жылдарға қарай педагогикалық тәсілі туындады.

Жаңа педагогикалық технологиялар білімді демократияландыруға және ізгілендіруге, оқытудың сапасын арттыруға, басқару тиімділігін жетілдіруге, білім алушылардың дамуына бақылау жасауға негізделген. Студенттер мен тыңдаушыларды ХХІ ғасырдың ақпараттық заманында еркін өмір сүруге, өмірде еркін бағдар алатындай және өзінің жеке ойы мен пікірі қалыптасқан тұлға тәрбиелеуде инновациялық технологиялардың алар орны ерекше.

Бұрын орта білім беретін мектептің негізгі міндеті білім беру мен дағды біліктіліктерін қалыптастыру болып келсе, қазіргі міндеті – ойы ұшқыр, жанжақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Инновациялық технологиялар – ол білім саласындағы қолданатын жаңа ақпараттық технологиялар, ғылым жетістіктеріне негізделінген әдістер

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Отандық ДӘСТҮРЛІ педагогика тәжірибесінде оқыту ӘДІСТЕРІ үш топқа бөлінеді:

Оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері

Оқу-танымдық қызметтің тиімділігін бақылау әдістері

Оқу-танымдық қызметті ынталандыру әдістері

Кесте №1

Дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқудың айырмашылықтары

Пара-метрлер Оқу жүйе-лері	Дәстүрлі білім беру <i>(білімді жинақтауға негізделеді)</i>	Интербелсенді оқу <i>(білімді өздігімен игеруге негізделеді)</i>
Негізгі мазмұны	Оқыту, үйрету, білім беру (үйренушілердің толық білімсіз-дігі пайымдалады)	Оқу, үйрену, білім алу («үйрену арқылы ғана білімді меңгеру ықтимал» деген қағида ұстанады)
Негізгі мақсаты	Адамдардың күнделікті бол-мысқа бейімделуі, «біліктілік» тұжырымы бойынша білім, білік, дағды «беру»	Күнделікті болмысты адам мұқтажда-рына сәйкес түбегейлі өзгерту, «құзырлылық» («компетенция») тұжырымы бойынша құзырлардың (компетенциялардың) қалыптасуына тиімді орта мен жағдай жасау
Субъект	Оқытушы	Студент пен оқытушы
Объект	Студент	Бүкіл Әлем, бүкіл өмір (өмір сүру, еңбек жасау, қарым-қатынас, жаңа нәрсеге үйрену)
Оқытушы рөлі	Білім көзі, белсенді үйретуші, біліммен «бос ыдыстарды» толтырушы, студенттерден анағұрлым көп білуші, «солист», «жалғыз актерлі театр» актері, «асаба»	Таным процесі мен үйренуді ұйымдас-тырушы, жүргізуші, бағыт-бағдар сілтеуші, проблемалық түрде студенттер түйсінетін және талдайтын болмысты құрастырушы.
Студент рөлі	Ырықсыз, бәлсенді, айтқанды орындаушы, қайталаушы, тыңдаушы	Белсенді, өз біліміне деген жауапкер-шілікті түсінуші, білімді өздігімен игеруші, өз қажеттіліктерін айқындаушы.
Оқытушы әрекеттері	- Мәліметтер мен ақпараттар береді; - Өзі жасаған қорытындылар мен тұжырымдарды келтіреді; - Тапсырмалар береді; - Студенттердің білімін тексереді.	Студенттерде келесідей қабілеттерді дамытуға ұмтылады: - өзіндік әрекеттер мен көзқарас қалыптастыру мен дамыту, - ақпаратты өздігімен игеру: талдау, шешім қабылдау, жаңа мазмұн құру; - проблеманы айқындау және оны шешу жолдарын қарастыра білу, - келіссөздер және пікірталас жүргізе білу, - өз сөзіне иландыру және бітімге келе білу.

Кесте №9

Дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқудың айырмашылықтары

Студент әрекеттері	- Бастамашылдық пен ынтаны көрсетпейді, олардың есіне өз міндеттерін жиі салып, әрекеттерін қадағалап, бақылап отыру керек. - Сабақта енжарлық пен ықтиярсыздықты байқатады. - Бәлсенділік (пассив) пен ырықсыздыққа беріліп, аяққы нәтижеге деген қызығушылығы мен жауапкершілігі жоқ.	- Білімді өздігімен игереді; олар білімді өзіндік түсінік, ойлар, идеялар, көзқарас деп түсінеді. - Өз біліміне деген жауапкершілігі жоғары: оларға еш қысым жасаудың қажеті жоқ. - Бастамашыл, белсенді.
Оқу мақсаттарының студент мүддесіне қатысы	Студенттердің талаптарына сәйкестелмеген оқытушы құрастырған бағдарламалар мен жоспарлар бойынша; оқу логикасы мен мақсаттары, күтілетін нәтижелер студент қатысуынсыз бекітіледі; студенттер талқылауға қатыстырылмайды, олардың пікірі ескерілмейді	- Студенттердің мұқтаждары мен мүдделеріне сәйкес. - Барлық қатысушылар шешім қабылдауға өз үлесін қоса алатындығын сезінеді. - Барлық қатысушылар өз шешімдерін жүзеге асырудағы өз жауапкершіліктерін сезінеді.
Әдістемелік ұстаным	Білім дайын күйде беріледі, шығармашылыққа жол берілмейді. Оқу/оқыту - есте сақтау деп түсініледі.	Білім дайын түрде берілмейді, білімді күмәнданып қабылдау: бұл ұстаным диалогтық қарым-қатынас, сыни көзқарас пен шығармашылық белсенділікке негізделеді.
Әдістемелік тәсілдер	Монолог, авторитаризм, қысым жасау, жасандылық, ұрандар, «мәдени жаншу (диктат)».	Диалог, еркіндік, қысымнан арылу, өзінділік, мәдени ықпал.
Проблемаларға қатынасы	Проблемалардың пайда болуы жеңіліс деп түсініледі	Проблемалардың пайда болғаны оларды шешу жолдарын іздестіруге бастайды

Дәріс жоғары мектепте оқытудың ұйымдастырудың негізгі түрі және ол белгілі бір ғылыми білімнің тәртібі бойынша жүргізіледі. Студенттердің ғылымилыққа, күрделілікке, туындаған сұрақтардың жауабын шешуге, олардың танымдық іс-әрекетін және шығармашылық ойлау қабілетін ашады. Қорыта айтқанда оқытудың дәстүрлі әдістері мен түрлері көбінесе оқытушы белсенділігі негізінде жүзеге асады.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

9-дәріс. ОҚУ САПАСЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ: МОНИТОРИНГ, БАҚЫЛАУ, ТЕКСЕРУ, БАҒАЛАУ

"Мониторинг" ұғымы педагогикаға жақында экология мен әлеуметтанудан келді. Экологияда мониторинг-бұл қолайсыз жағдайлардың ошақтарын анықтау, өзгерістердің динамикасын, процестердің қарқындылығын және т.б. бақылау мақсатында қоршаған ортаның жай-күйін үздіксіз бақылау. әлеуметтануда мониторинг қоғам өмірінің әртүрлі аспектілері туралы ақпарат алуға ғана емес, сонымен қатар тенденцияларды, олардың даму заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді.

Шетелдік сөздердің қазіргі сөздігі "мониторинг" ұғымын оның қажетті нәтижеге немесе бастапқы болжамдарға-бақылау, бағалау және болжамға сәйкестігін анықтау мақсатында кез – келген процесті үнемі бақылау ретінде түсіндіреді.

Мониторинг білім беру жүйесінде де игеріле бастайды, онда ол объектідегі сандық-сапалық өзгерістерді анықтайтын процестерді кешенді, динамикалық, аналитикалық бақылау ретінде жүзеге асырылады. Педагогикалық мониторингті оның мазмұнын үздіксіз бақылауды және оның дамуын болжауды қамтамасыз

ететін білім беру процесінің сапасы туралы ақпаратты ұйымдастыру, жинау, өңдеу, сақтау және тарату нысаны, сондай-ақ инновациялық тәжірибені жинақтау жүйесі ретінде анықтауға болады.

Бақылау, мақсаттар мен нәтижелердің сәйкессіздігін анықтайтын бақылаудан айырмашылығы, аралық жағдайларды зерттейді және белгілі бір дәрежеде оң өзгерістердің катализаторы ретінде әрекет етеді. Сондықтан Мектепшілік басқару теориясындағы мониторинг жүйенің дамуын басқару механизмі ретінде қарастырылуы кездейсоқ емес, бұл оның мектепшілік бақылаудан айырмашылығы.

Білім беру мекемесінде АКТ қолдану негізінде мектеп мониторингін ақпараттық-технологиялық қолдаудың бірыңғай жүйесі орналастырылуы мүмкін. Жүйе келесі бағыттарды қамтиды:

1. Оқу бағдарламалары мен білім беру технологияларының сапасын бағалау;
2. Оқушылардың оқу жылдары мен оқу пәндері бойынша оқыту дәрежесінің мониторингі;
3. Оқушылардың жетістіктерін ынталандырудың рейтингтік жүйесі;
4. Ғылыми-педагогикалық құрамның әлеуетін диагностикалау;
5. Білім, білік, құзыреттілік сапасының мониторингі, тақырыптық, қорытынды бақылау.

10-дәріс. ОҚЫТУ ДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Оқытудың жаңа педагогикалық технология-ларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді.

«Педагогикалық технология дегеніміз не?»

Технология – шеберлік туралы ілім.

Бұл - өнер, шеберлік, біліктілік, әдістемелер жиынтығы, яғни гректің өнер, шебер деген сөзінен шыққан.

Технология қарапайым тілмен айтқанда, жүзеге асатын ғана, нақты мақсаттардың алдын-ала ойластырылған нақты жобасы, яғни, белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы.

Технология – қандай да болсын істе, өнерде қолданылатын тәсілдердің жиынтығы;

Технология – бұл өнер, шеберлік, ептілік, өңдеу тәсілдерінің жиынтығы, қалыпты өзгерту;

Педагогикалық технология – оқу процесін іске асырудың мағыналы технологиясы;

Педагогикалық технология – оқытудың жоспарлы нәтижесі, процесін суреттеу және педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық жеке тұлғалық, құралдық, әдістемелік тәсілдердің жүйелі жиынтығы мен ретінде жұмыс істеу.

Қазіргі заман педагогтарына негізгі мақсат – білім алушылардың білімін сапалы ету, оның жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп қолдануда.

Қазіргі кезде жалпы оқу-тәрбие үдерісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес.

Сондықтан, әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы білім алушының білім жетістіктерін арттыруға болады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы компьютермен жұмыс істеу техникасын меңгеру, сыныпта белсенділік көрсету, жеке жұмыс істеу, жекелеп көмек көрсету, проблемалық оқыту технологиясы, тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов) теория және практиканы блок түрінде топтау, тірек-схема, тірек-конспект түрінде берілген теориялық, материалдарды сыныпта меңгеру, үйде өз бетімен іздену, жұмыс істеу, түсіндіре басқарып – оза оқыту (С.Н. Лысенкова) алынатын білімнің алғашқы бөлігін алдын-ала оқыту, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы бірнеше деңгейде тапсырма беру және т.б.

Республикадағы ауыл мектептерінің оқу-тәрбие үдерісінде деңгейлеп оқыту технологиясы (Ж.Д. Қараев) жүйелік негізде оқыту технологиясы (Г.Г. Ғалиев), шоғырландырып-қарқынды оқыту технологиясы (Қ.А. Әбдіғәлиев, Н.Н. Нұрахметов), блоктық-модульдық технологиясы (М.Н. Жанпеисова) қолдау табуда.

Проблемалық оқыту — оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.

Проблема қойып оқытудың нәтижелі болуының 4 негізгі шарты бар:

- мәселенің мазмұнына қызығушылық тудыра алатындай жеткілікті мотивациямен қамтамасыз ету;
- - әрбір кезеңде туындап отыратын проблемалардың шама жетерліктей болуы (белгілі мен белгісіздің тепе-теңдік қарым-қатынасы);
- - шешілетін проблеманың оқушы үшін маңыздылығы;
- - педагогтің оқушымен диалогін өзара түсіністік пен сыйластыққа құру.

Ақпараттық технология — бұл студентке өзіне тиімді оқыту технологиясын таңдап алуына және жеке даму бағдарламасын құруына мүмкіндік береді.

Модульдік оқыту технологиясы міндетті түрде оқушының білімен біліктерін тексеру элементі бар оқу материалының логикалық аяқталған білім. модульде: тапсырма, жұмыс, студенттердің сабаққа қатысу, студенттердің стартттық, аралық және қорытынды білім деңгейі бәрі-бәрі өлшеніп, бағаланып отырады.

Ал, деңгейлеп-саралап оқытудың тиімді іске асыру төмендегідей шарттарды орындағанда ғана мүмкін болады:

- Оқыту үдерісінде ортаның сипаттарын жан-жақты есепке алу: педагогикалық ортаның мазмұндық сипаты студенттердің білім, білік, дағдыларымен, танымдық және мәдени потенциалымен, оқуды және өздігінен жұмысты ұйымдастыруының әдістерімен және формаларымен анықталады;

- Оқыту үдерісінің студент жеке тұлғасына қатысты бейімделу принципінің ұсталуы: бұл принцип практикада студенттің пәнді игеруінің тармақталған бағдарламасын жасау арқылы іске асады (пәннің ішкі және сыртқы модульдерін құрастыру);

- Студенттің жалпы ғылымдық және арнаулы білімдерді қысқаша түрде, базалық білімдер берілген пәннің «логикалық конструкциясын» жобалау арқылы жеке игеруін жылдамдату принципі.

Бұл инновациялық технологияларды оқып-үйрену нәтижесінде студенттерде жаңа педагогикалық технологияларды меңгеріп, оларды оқу-тәрбие процесінде қолдану дағдыларымен шеберліктері қалыптасуы тиіс.

Сонымен, білім берудің жаңа технологиялары – білім жүйесіндегі инновация білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолдануға жоғары оқу орындарының тәжірбиелік қорын жинайды. Жоғары мектептің ұстанымдарын жаңа білімділік бағдары болған жағдайда, білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипаттағы білім мен тәрбие беруді көздейді.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

11-дәріс ЖОО-ҒЫ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ

Жоспар:

1. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының мәні мен бағыттары болашақ маман тұлғасының әлеуметтендіру процесі ретінде.
2. Жоғары мектептегі тәрбие заңдылықтары мен ұстанымдары. Студенттік әлеуеттің өзін-өзі тәрбиелеулеріне мүмкіндіктер беру.
3. ЖОО тәрбие жұмыстарының мәні мен негізгі бағыттары.
4. Жоғары мектептегі эдвайзер-кураторлардың жұмысы және оның негізгі атқаратын қызметі.

Мақсат: ЖОО-дағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың мен болашақ маман тұлғасын қалыптастыру бойынша әлеуметтік институт ретіндегі маңызын айқындау. Куратор-эдвайзердің тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруы туралы мағлұматтар беру.

Негізгі ұғымдар: тәрбие теориясы, тәрбие жұмыстары, тәрбие тұжырымдамасы, куратордың тәрбиешілік функциясы.

Кәсіптік мектептің тәрбиелеу мақсаты болашақ мамандың кәсіптік және әлеуметтік бейімделуіне көмектесетін көп мәдениетті, гумандық-адамгершілік, дені сау, жоғары интеллектуалды, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған тұтас тұлғаны ұлттық құндылықтар және әлемдік тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалана отыра проблемаларды өзіндік тұжырымдау және оларды жоғарғы азаматтық позиция тұрғысынан тәжірибеде шеше алатын маманды тәрбиелеу.

Студент тәрбие объектісі және субъектісі ретінде:

• ЖОО-ғы тәрбие үрдісінде студент – **тәрбие объектісі** (профессор-оқытушылар, тәрбиешілер жетекшілік ететін).

• Студент – **тәрбие субъектісі** (өзіндік әрекет жасайтын, өз бетімен мінез-құлық нормаларын игертін, өзін-өзі тәрбиелейтін, өз мүмкіндіктерін іс-жүзіне асыратын тұлға) болып алға шығады.

Студенттерді тәрбиелеу процесі оқытушының жетекшілік рөлі маңында *оқытушылармен студенттердің өзара белсенді әсерлесуі* ретінде қарастырылуы мүмкін.

Тәрбие процесінің кезеңдері:

1-кезең. Тәрбиеленушінің қоғамдағы мінез-құлық нормалары туралы түсініктер алуы;

2-кезең. Тәрбиеленушінің ұсынылған адамгершілік нормалары мен мінез-құлық ережелеріне қатынастарын(көзқарастарын, сенімдерін) қалыптастыру;

3-кезең. Дұрыс (жағымды) мінез-құлық әдеттерімен дағдыларын қалыптастыру;

4-кезең. Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру.

ЖОО-да тәрбиелеудің басты міндеті – ұйымдастырушылық және қоғамдық – саяси жұмыс дағдыларына, тәрбиеші, басшы және өз бағыныштыларына тәрбиеші қабілеттеріне ие болған, жоғары білікті, ғылыми ой-өрісі кең, жоғары мәдениетті мамандарды тәрбиелеу.

• ЖОО-да тәрбие үдерісінің негізгі функциялары: ұйымдастырушы; жоспарлаушы; ынталандырушы.

ЖОО-ғы тәрбие принциптері:

а) көрнекілік;

б) тәрбие үрдісінің мақсаткерлігі;

в) тәрбиенің барлық қырларының бірлігі мен жан жақтылығы;

г) барлық тәрбиешілер әрекеттерінің бірлігі;

д) педагогикалық жетекшілікті тәрбиелеушілердің ынталылығы(бастама көрсетуі) және өз бетімен әрекет жасауын дамыту мен қосу;

е) жас және жеке-дара ерекшеліктерді (гендерлік) ескерту;

ж) ұжымды және ұжым арқылы тәрбиелеу;

з) еңбекте тәрбиелеу;

и) тұлғаға деген құрмет және талап қойғыштық;

к) адамдағы ұнамды қасиеттерге сүйену.

ЖОО да тәрбие процесінің негізгі бағыттары:

• а) идеялық саяси тәрбие (диалектикалық-материалистік дүниетаным, саяси мәдениет, құқықтық мәдениетті тәрбиелеу);

• б) адамгершілікке тәрбиелеу (тәртіптілік, саналылық, шыншылдық, сыпайылық, интернационалдық, отансүйгіштік, ізгілікті тәрбиелеу);

• в) кәсіби тәрбие (таңдалған мамандыққа деген махаббат, өндірісті ұйымдастырушы сапаларын, ынталылықты, жігерлілікті, (энергичность); мақсаткерлікті, басқаларға білім бере алу қабілеттерін тәрбиелеу).

• г) еңбек тәрбиесі (еңбекке (бірінші өмірлік қажеттілік ретінде) қатынасты тәрбиелеу);

• д) эстетикалық тәрбие (әсемдікті, биіктікті қабылдау, сезіну қабілеттерін тәрбиелеу),

• е) құқықтық тәрбие (құқықтық сананы, құқықтық мінезді кірістіретін құқықтық мәдениетті тәрбиелеу),

• ж) дене тәрбиесі (студенттердің денсаулығын сақтау, дене күші мен батылдықты тәрбиелеу).

Студенттік өзін-өзі басқару:

➤ а) студенттер оқытушылармен бірге коллегиялды органдар – факультет кеңестеріне мүше болуы, барлық мәселелерді талқылауда, шешімдер қабылдауда тең құқықта қатысуы.

➤ б) студенттер уақытша басқару штаб-органдар, комитеттер, комиссиялар құрамына мүше болып, нақтылы мәселелерді шешеді.

➤ в) студенттер өз ұжымының өмірлік қызметін өзіндік дербес ұйымдастырады, өзінің проблемаларын шешуде ықыласты болуы.

Куратор. «Куратор» (лат.- сигатор-қамқоршы). Студенттік өмірлік іс-әрекеті: білім алуы мен тәрбиесін, демалысты, еңбекті, әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы мәселелерді шешу үшін деканат тарапынан тағайындалған оқытушы. Ол:

- өзінің академиялық топтағы жұмысын жоспарға сәйкес жүргізеді, әдетте жоспар жарты жылға құрастырылады;

- алдын ала студенттермен диагностикалық жұмыстар жүргізеді (қызығушылықтар мен ынталықтарын, қажеттіліктерін (талаптарын), отбасылық жағдайын, материалдық ахуалын, пәтерін-тұрмыстық жағдайларын) анықтайды;

- жоспар құрып, топтың жалпы жиналысында талқылап, бекітеді;

- жоспар нақты қызықты іс-шараларды қамтитын, әрбір студенттің нақты жұмыс аумағын (ол жеке жауапты болатын) белгілеу тиіс. Мерзімді жоспардың орындауын талдап тұруы керек.

Кураторлық жұмыстың негізгі бағыттары

✓ студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі мәселелері (жаңа әлеуметтік рөлге, ЖОО-ға, қалаға, т.б)

✓ студенттерді олардың өмірлік қызметін реттейтін нормативтік құжаттармен, университет ғылыми кеңесі, факультет кеңесі, деканат, ректораттың шешімдерімен таныстыру;

✓ студенттердің үлгілері мен сабаққа қатысуын талдау;

✓ студенттерді ФЗЖ тарту, т.б.

✓ студенттердің болашақ мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру;

- ✓ студенттердің тұрмыстық ж/е материалдық жағдайы мәселелері;
- ✓ академиялық топта студенттер ұжымын ұйымдастыру;
- ✓ студенттер арасындағы өзара достық ж/е іскерлік қатынастарды бағыттау, дамыту;
- ✓ психологиялық қалып, қарым-қатынасқа, мінез-құлық үлгілері мен құндылықтарына түзетуші әсер ету;
- ✓ студенттерді тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзіндік білім алуға баулу.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

12-дәріс. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ, ЕРЕЖЕЛЕРІ, ҚАҒИДАЛАРЫ

Тәрбие принциптері мен заңдылықтары.

Тәрбие процесінің мәні - баланың ұжым және қоғаммен қатынастарының жүйесін құру, педагогикалық жағдайлардың, тәрбиелік әсерлердің нәтижесін талдау, жоспарлау жұмысын реттеу;

Тәрбие процесінің жобасын құру және жүзеге асыру;

тәрбиелік ықпалдарды реттеу және оларға түзетулер енгізу;

қорытынды, есепке алу және бақылау.

Тәрбие диалектикасы сыртқы ықпалдық (объективті) адам санасына (субъективті) өтіп, іс-әрекет барысында көрінетін құбылыс. Адамның қоғамдық мәнінің қалыптасуында әлеуметтік іс жағдай маңызды рөл атқарады. Тәрбие процесінде адамның қоғамдық мәнінің қалыптасуына сыртқы және ішкі қарама-қайшылықтар ықпал етеді.

Сыртқы қарама-қайшылықтар:

- Қоғамдық ережелер мен адамдардық тәртібі арасындағы сәйкессіздік.
- Мұғалімнің талабымен оқушының тәртібінің арақатынасы. Ішкі қарама-қайшылықтар:
- Тәрбиешінің талабы мен тәрбиеленушінің мүмкіндігінің ара- қатынасы.
- Тәрбиеленушінің қажеттіліктері мен қанағаттандыру тәсілдерінің ара қатынасы.

Тәрбиенің негізгі заңдылықтары. Педагогикалық құбылыс пен үрдіс арасындағы байланысты заңдылықтар деп атайды.

1. "Тәрбиенің қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, демократиялық принципті іске асыруына, адам құқығын қорғау мәселелеріне тығыз байланыстылығы. Осы заманғы тарихи жағдайларға байланысты халықаралық қауымдастық дүниежүзі тарихында халықаралық стандарт болып табылатын жалпы адамзаттың құндылықтар мен адамның негізгі құқығы, бостандығы ашылып көрсетілген ("БҰҰ адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы" "Бала құқығының Конвенциясы") құжаттарын жасады. Олар осы заманғы тәрбие теориясы мен әдістемесіне, тәрбие мұраттары мен рухани құндылықтарға жаңаша бағыт береді. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" (1999) Зақына сәйкес бұл құжаттар еліміздің білім саласындағы мемлекеттік саясатының негізі болды.

2. Тәрбиенің оқыту мен білім берудің сапасына байланыстылығы. Оқыту - тұлғаны қалыптастырудық құралы. Тәрбиенің мазмұны, түрі және әдісі тәрбиеленушілердің даму дәрежесіне байланысты іріктеледі.

3. Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу бірлігі. Жеке адамның дамуы мен қалыптасуында белсенділіктің рөлі зор. Іс-әрекет барысындағы белсенділіктің түрлері: қарым-қатынас белсенділігі, таным белсенділігі, өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі. Қарым-қатынас белсенділігі тұлғаның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын қалыптастырады. Таным белсенділігі - заттар мен құбылыстардың мәнін, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарды терең түсінуге, оны тәжірибеде қолдана білуге үйретеді. Егер ересек адамдар балалардың сұрақтарын қостап, таным белсенділігінің дамуына бағыт беріп отырса, онда олардың талпынғыштық және

бақылағыштық қасиеттері қалыптасады. Өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі - тәрбиеші өзін-өзі тәрбиелеуге баланың ынтығасын оята алғанда тәрбие жұмысы нәтижелі жүреді.

4. Педагогикалық процестегі ұжым мен жеке адамның өзара байланысы.

Ұжымның басты борышы - әрбір адамның шығармашылық өсуіне қамқоршы болу. Тәрбиенің принциптері. Принцип дегеніміз - адамның іс-әрекетінде басшылыққа алатын алғы шарты, негізгі ережесі.

Бүгінгі күннің талабына сай ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің іргетасын қалайтын негізгі қағидалар:

1. Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы. тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ождан мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Мектептің бүкіл іс-әрекеті, қоғамдық өмірі осыған қызмет етуі керек.

2. Жас ұрпақты іс-әрекет пен қарым-қатынас арқылы тәрбиелеу - балаларды ақыл-ой әрекетімен қатар іскерлік пен пысықтыққа машықтандыру, өнімді еңбек етуге бейімдеу, ата-ана мен бала, Тәрбиеші мен тәрбиеленуші, үлкен мен кіші арасынғы қарым-қатынасты өзара сенімге, қайырымдылыққа, имандылыққа, бір-біріне сый-құрметпен қарауға негіздеу, тәрбие барысында психологиялық жайдарылық, үйлесімділік ахуал туғызу, жас азаматтың өзіне сенімін арттыру, қамқоршылық сезімін дамыту.

3. Тәрбие барысында жеке тұлғаға қойылатын талап пен көрсетілетін құрметтің бірлігі. Жаңашыл ұстаз Құмаш Нұрғалиев "Мұғалім мен оқушы арасында үзілмейтін алтын желі болуы тиіс. Ол баланың ұстазына деген сенімі, мұғалімнің баланы сүйюі" - деген болатын. Тәрбиеленушіні құрметтеу және оған талаптар қою - баланың мықты және нашар жақтарын біліп, оның өсуіне қажетті жағдайлар жасау. Талап қоюдан оқушыға құрмет, күші мен қабілетіне сенім көрінеді. Мұғалім оқушы бойынан рухани қасиетті жобалап, оған сүйеніп, оқушының өз тәжірибесін дамытуына көмектесу керек.

4. Тәрбиелік ықпалдардық тізбектестігі, жүйелілігі, үздіксіздігі. Тәрбие тәжірибесі балаларға қойылатын талап пен педагогикалық ықпал бірлігі қажет екенін дәлелдеді. Ұрпақ тәрбиесінің нәтижелілігі - тәрбие мекемелеріндегі талаптың бірлігі, іс-әрекеттің сабақтастығы.

5. Оқушылардың жас және жеке ерекшелігін есепке алу.

Оқушылардың жеке ерекшелігі - денсаулығы, ақыл-ойы, адамгершілік қалыптасуы, сыртқы әсерлерге жауабы, қабылдауы, т.б. Біреулері өзінің байсалдылығымен ескертулерді дұрыс қабылдаса, кейбіреулеріне керісінше әсер етуі мүмкін, сондықтан оқушылардың тәрбиелік дәрежесін дер кезінде анықтап отыру қажет. Тәрбие жұмысының барлығы білім мен сенімнің, сөз бен істің үздіксіздігі негізінде құрылады. Бала - педагогикалық қамқорлықтың ең жоғары мақсаты. Баланың ішкі мүмкіндіктерінің ашылуы адамдардық сүйіспеншілік сезімі мен қарым-қатынасына байланысты. Баланы тең адам санап, оған еркіндік бергенде ғана ол өз пікірін ашық айта алады, үлкендердің балаға деген құрметі олардың сенімін арттырады. Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік санасы жаңа қалыптасып келе жатқандықтан, олар негізінен мұғалімнің ықпалында болады. Жасөспірімдер жедел дамып келе жатқандықтан тәрбиесі бірқалыпты жағдайға ауысып, өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілігі артады. 6. Баланы ұжымда, ұжым арқылы тәрбиелеу - тәрбие жұмысындағы жетекші принциптердің бірі. Мұны екі түрлі көзқарас тұрғысынан қарау керек. Бірі - ұжымдық тәрбие қоғамның негізгі қаруы. Бала берік ұйымдасқан, ынтымақты, әлеуметті, рухани таза ұжымда болуы қажет. Екіншісі - тәрбиеленушінің педагогтың ықпалымен, көзқарасымен шектеліп қалмауы. Педагог - тәрбиеші қосарланған ұғымына А.С.Макаренко қарсы болып, оны ұжымның жан-жақты тәрбиелік әсерімен бекітуді ұсынған. Бірлескен іс-әрекетте, орынды ұйымдастырылған ұжымдық жұмыстарда өзара тәуелді, жауапкершілікті қатынастар туындайды, баланың тәжірибе және ұжымдық өмір дағдыларын жинау процесі жүреді. 7. Тәрбие процесінде мұғалім, мектеп, отбасы және қоғамдық ұйымдардық күш-қуатын үйлесімді педагогикалық бірлілікке бағыттау. Тұлға өзін өмірде сирек кездесетін ерекше феномен деп қарайды. Бұл принцип мектеп мұғалімдерінің, отбасының және қоғамның педагогикалық күш-жігерінің бірлігі мен қызмет етуін қажет етеді. Бала тәрбиесінде отбасының рөлі көп жағдайда жаңа әлеуметтік қатынастарға байланысты. Ол ата-аналар мен мектептің және қоғамның арасындағы нарықтық еңбек жағдайында қатасады. Отбасындағы тәрбиеге көмек ретінде елімізде демеушілер мен қайырымдылық жасаушылар, әлеуметтік құқық қорғау бөлімдері мен қамқорлық қорғау кеңестерінің жұмысы да ұмытылуда. Тұлғаның сапаларын қалыптастыру бір мезгілде, кешенді түрде жүргізілетіндіктен, педагогикалық ықпал да кешенді сипатқа ие болуы тиіс.

Жасөспірімдердің өздеріне сын көзбен қарамауы, жауапкершілік сезінбеуі ата-аналары мен мұғалімдерді босқа мазасыздандырып отырған жоқ. Мектеп пен отбасындағы балалар тәрбиесінің ең маңызды міндеті - оларды қажетті өмір сүру процесіне дайындау.

13-дәріс. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Тәрбие іс – әрекетінің негізгі міндеті-студенттердің белсенді өмір сүруіне, азаматтық өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға, студенттердің физикалық, интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік дамуындағы қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға жағдай жасау.

Тәрбиенің процесінің келесі бағыттары бар: патриоттық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, отбасылық өмірге дайындық, еңбек тәрбиесі, экологиялық тәрбие, дене тәрбиесі.

Патриоттық тәрбиенің басты мақсаты – жас ұрпақтың рухын көтеру, жеке тұлғаның рухани және шығармашылықтың үздіксіз дамуы, өзін – өзі дамыту, кәсібилік, бәсекеге қабілеттілік, сыни көзқарас пен ойлау, адами ұстанымдарды қалыптастыратын тәрбие беру және тәрбиелік ортаны құру, қолдау. Адам бойындағы салмақтылық, орнықтылық, ерлік, еңбекке қабілеттілік, жауапкершілік – патриоттық тәрбиенің басты сипаттары мен қасиеттері.

Патриотизмнің басты қажеттілігі: біріншіден, бұл бастамалардың белсендірілуі, шығармашылық және жасампаздық жұмыс, барлық ішкі, жасырын потенциалдың көрінуі, эгоизмді шектеу, азаматтық қасиеттер мен бірлікті кеңейту. Бұл бағыт бойынша, алған білімдерін іс жүзінде қолдана алу, шығармашылықты дамыту, ғылыми іздене білетін, ұжымшылдық рухта тәрбиеленген жоғары білікті мамандар дайындауымыз қажет. Жеке тұлғаның мотивациясын ашатын білім алушыларды корпоративтік этикаға, ұжымшылдыққа, өзінің қоғамға керектігін сезінуге үйрететін көптеген үйірмелерге бару. Екіншіден, бұл кеше мен бүгіннің байланысы, ұлттар мен ұлыстардың дәстүрлерінің, құндылықтарының тоғысы. Патриотизмнің қайнар көзі – ел тарихын терең білуде, оның гүлденуін қамтамасыз ету, оған күш салған аға ұрпақтардың іс – әрекетін ұғыну мен құрметтеу. Үшіншіден, Отанның мәнін және оған қатысты міндеттемелерді ұғынуға бағытталған патриоттық білім мен тәрбие беру идеяларын ең жоғары деңгейге дейін жүзеге асыру.

Адамгершілік тәрбиесі — тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен мораль-дық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол семья, мек-теп, ұстаз, еңбек, қоғам, жеке ықпал арқылы іске асырылады.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

14-ДӘРІС. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІҢ ҒЫЛЫМИ ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕОРИЯСЫ

Жоспары:

1. Жоғары мектептегі ғылыми қызметтің теориясы – ЖМП жаңа теориясы
2. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми қызмет
3. Университеттің Гумбольдтік моделі
4. Жоғары мектеп ғылыми қызметінің принциптері
5. Оқытушылар мен студенттердің ғылыми қызметі

Мақсаты: жоғары оқу орындарында ғылыми-инновациялық орта қалыптастыру үшін негізгі ғылыми қызметтің және оның теорияларын жүйелей отырып, студенттердің ғылыми-инновациялық білімділігін қалыптастыру жолдарынан мағлұматтар беру.

Негізгі ұғымдар: ғылыми қызмет теориясы, ғылыми қызмет, гумбольдтік модель, студенттердің ғылыми қызметі

Жоғары мектептегі ғылыми қызметтің теориясы – ЖМП жаңа теориясы. Ортағасырлардан бері университет өз қызметінің институционалды құрылымында білім беру, зерттеу, тәрбиелеу сияқты маңызды үш бағытты айқындап, бекіткен болатын. *Білім беру, зерттеу және тәрбиелеу* ұштағаны университеттік білімнің іргетасын қалайды.

Педагогика ғылымында: дидактика және тәрбиелеу теориясы бар. Жоғары мектептегі ғылыми қызметтің теориясын зерделеу қажет:

Біріншіден, қазіргі заманғы ғасыр – білім және ғылыми-техникалық прогресс ғасыры, ал бұл жоғары оқу орындарының жаңа білім беруді жасау мен беру функциясын күшейте түседі.

Екіншіден, студенттердің білім берудің, ғылыми-техникалық прогрестің қашан да жаңарып отыруына байланысты жаңа кәсіби проблемаларды шешуде дайындықтарын қалыптастыру талаптары мен студенттердің шын мәнінде, ғылыми технологияларды меңгеруге дайындығының болмауы арасында қарама-қайшылық бар. Мұндағы басты түсінік ғылыми қызмет технологиясының саналы түрде, бірнеше рет жүзеге асырылып, пайдаланылған технология екендігін баса айтып отырмыз.

Үшіншіден, жоғары мектепте ғылыми қызмет теориясы болашақ мамандардың ғылыми-инновациялық мәдениет негіздері мен зияткерліктің қалыптасуына педагогтар мен студенттердің күш салуын үйлестіруге мүмкіндіктер береді.

Төртіншіден, аталмыш теория педагогикалық ғылымның дамуын жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді.

Жоғары мектеп педагогикасы теорияларының мектептегі педагогикадан айқын айырмашылығы байқалады. Онда білім берудің логикасы, құрылымы және жүйесі, негізгі категориялары бар, онда теорияның заңдылықтары мен принциптерін айқындауға болады.

Аталмыш теорияға: *жоғары оқу орындарындағы ғылыми қызметтің даму тарихы, әлемнің түрлі елдеріндегі жоғары мектептегі ғылымның дамуын және қазіргі заманғы жай-күйін салыстырмалы сипаттауды, ғылыми қызметтің мақсаты мен міндеттері, мазмұны, әдістері мен принциптері, дәстүрлері мен ғылыми мектептері* сияқты негізгі категорияларды, жоғары оқу орындарындағы ғылыми қызметтің жағдайы мен ғылыми-инновациялық ортаны қосуға болады.

Ғылыми қызмет – зерделенетін нысандарға, құбылыстарға (процестерге) тән қасиеттерді, ерекшеліктер мен заңдылықтарды анықтау мақсатында қоршаған болмысты зерделеуге және алынған білімді практикада пайдалануға бағытталған қызмет.

ҚР ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ ЗАҢЫНДА: (2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV)

9-бап. Жоғары оқу орындарының ғылыми қызметі

1. ЖОО жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрі білім берумен қатар: ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет, оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықты іске асыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу.

2. ЖОО-ның, сондай-ақ олардың ғылыми қызметкерлерінің ұжымдық пайдаланымдағы ғылыми зертханалар көрсететін қызметтерді пайдалануға, мемлекеттік бюджеттен және ҚР заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар конкурстарына қатысуға тең құқығы бар.

3. ЖОО оқу білім беру процесіне ғылымның озық жетістіктерін енгізумен қатар оқыту процесіне ғылыми, ғылыми-зерттеу ұйымдарының ғалымдарын, оның ішінде шетелдік ғалымдарды тартуға құқылы.

4. Мемлекеттік жоғары оқу орындары ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ғылыми зертханаларды, ғылыми-зерттеу институттарын, тәжірибелік өндірістерді, инновациялық инфрақұрылымның мамандандырылған субъектілерін, жобалау-конструкторлық ұйымдарды, сондай-ақ ғылыми-білім беру консорциумдарын құруға құқылы.

5. ҚР Үкіметі уәкілетті органның ұсынысы бойынша жоғары оқу орындарына зерттеу университеті мәртебесін бере алады.

1808 ж. Неміс университетінің моделі саналған Берлин университеті құрылды. Бұл модельді Гумбольд университеті деп атайды.

- Гумбольд университетінің фундаментальді ұстанымы – бұл зерттеу мен білім берудің академиялық еркіндігі мен бірлігі.

- Университеттің Гумбольдтік моделі мемлекет пен қоғамның қажеттігі алдындағы жан-жақты біркелкі жауапкершіліктің академиялық еркіндігі; білім беру міндетін қандай да бір айқын мақсатқа байланыссыз ғылымға қамқорлықпен үйлестіру сияқты жан-жақты ымыраға келуге ұмтылды.

- В.Гумбольдтің айтуынша, «зерттеу» өзіндік ізденіс пен ақиқатты игеруді айқындаудан басқа университеттің барлық өкілдерінің – оқытушы мен студенттердің де зерттеуші болуы керек дегенін нақтыласақ. Кейінірек «зерттеу» ұғымы былайша түсіндірілді: **ол тіпті ғылыми-техникалық инновация үрдісімен теңестірілді.**

Осылайша зерттеу объективті, дербес ойшылдық және зерттеу нысанынан тәуелсіз қызмет ретінде таныла бастады. Тек осыдан кейін ғана басқа да кез келген «істі» «зерттеу» мүмкін бола бастады», - деп жазды Г.Шнедельбах.

Кеңестік дәуірде біздің елдегі ғылыми секторлар мынадай: академиялық, салалық, ЖОО-дағы өндірістік.

Жоғары мектеп ғылыми қызметінің принциптері	
Макродеңгей:	Микродеңгей:
- ЖОО-лардың зерттеу саясатын әзірлеу және жүзеге асыру; - педагог-зерттеушінің академиялық еркіндігі мен жауапкершілігі; - ғылым мен білімнің интеграциясы; - ғылыми мектептер мен оның дәстүрлерін дәріптеу;	- зерттеушілік пен оқытушылықтың, зерттеу мен оқытудың бірлігі; - ҒҚ уәждеу;

- ғылыми-инновациялық ортаны құру және дамыту;
- ғылыми зерттеулерді интернационалдандыру, халықаралық ғылыми ынтымақтастық пен алмасулардың ашықтығы мен жандануы;
- ғылыми зерттеулердің динамикасы және әртараптандырылуы.

- ҒҚ шығармашылық;
- оқытудың табыстылығы және ҒҚ;
- ҒҚ рефлексиялары

Оқытушылар мен студенттердің ғылыми қызметінің мақсаты:

- оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау негізінде жаңа білім алу, жаңа технологиялар әзірлеу, танымның жаңа әдістерін алу мен игеру болып саналады. Ғылыми қызметтің міндеттерін зерттеудің негізгі категорияларының мәнін анықтау; проблеманың теориялық негіздерін әзірлеу; үрдісті, жүйені және құбылысты модельдеу; жаңа технологиялар мен әдістерді өңдеу, зерттеу нәтижелерін талықлау және енгізу арқылы айқындауға болады.

- Ғылыми қызметтің мазмұнына нақтылы ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны, яғни білім жүйесі, концепциясы мен теориясы, жаңа технологиялар, таным тәілдері, сондай-ақ оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметі тәжірибесінің қалыптасуы жатады. Осындай тәжірибенің жинақталуы болашақ маман ретінде студенттің шығармашылық және тәжірибелік қызметінің қалыптасуына негіз болады.

Зерттеу әдістері

- жалпылай: (сараптау, синтез, салыстыру, қарсы қою, балама, индукция, дедукция және т.б.),

- жалпығылыми (әлеуметтік: сауалнама, анкета жүргізу, әңгімелесу, сұхбат алу және т.б.;

статистикалық: орташа көлемді айқындау – орташа арифметикалық, медиандар, орташа квадраттық ауытқулар; математикалық: шкаласын анықтау, өлшеу, математикалық модельдеу және т.б.),

- жеке-ғылыми.

- Өткізу түрлері: студенттің оқу-зерттеу жұмысы және студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы – курс және дипломдық жұмыстары, магистрлік диссертация, ғылыми конференция, олимпиада, студенттік ғылыми жұмыстардың конкурсы, жазғы ғылыми мектептер, студенттік конструкторлық бюро және басқалар.

Бақылау әдістері мен бағалау. Бақылау әдістері курс, диплом жұмыстарын, магистрлік диссертациялар, ғылыми нәтижелердің презентацияларын және т.б. көпшілік алдында қорғау; бақылау формасына – аттестация (бағалау) жатады. Ғылыми қызмет нәтижелері мақсат пен міндеттерге сәйкес келіп, қол жеткен мәліметтер бағалануы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004
4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.
5. Мынбаева А.К., Садуақасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

15-дәріс. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

СҒЗЖ байқауының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1. Студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
2. Ең талантты және дарынды студенттерді таңдау және қолдау;
3. Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдесу;
4. СҒЗЖ байқауына Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері мен студенттік ұжымдары қатыса алады;

5. СҒЗЖ байқауына жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың басым бағыттары мен өзекті мәселелері бойынша студенттердің дербес орындалған аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары ұсынылады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы – алынған білімдерді, біліктер мен дағдыларды тәжірибеде қолдана алуға қабілетті, жоғары білімді мамандар даярлау сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту олардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін қазіргі ғылымның көкейтесті міндеттерін шешу үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарында студенттердің ғылымизерттеу жұмыстарының түрлеріне: ғылыми баяндамалар,

рефераттық жұмыстар, зертханалық және практикалық тапсырмалар, эксперимент жүргізу, курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар жатады. Ғылыми баяндамалар – дәрісханада оқылатын немесе мақала ретінде жарияланатын ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік эксперимент жұмысының мазмұнын баяндайтын ғылыми құжат.

Қойылған мақсаты мен мазмұнына қарай рефераттарды төмендегідей типтерге бөлуге болады:

1. Ақпараттық рефераттар. Мұнда автор бір немесе бірнеше жұмыстың мазмұнын қысқаша баяндайды.
2. Бағалаушы рефераттар белгілі бір проблема бойынша бірнеше ғылыми әдебиеттер негізінде жазылады және проблемаға түрлі көзқарастар, түрлі жұмыстардағы ғылыми тұжырымдамалардың сыни талдамасы келтіріледі, реферат авторының ұстанымы анықталады.

Зертханалық және практикалық жұмыс – кез-келген пән бойынша белгілі бір сұрақтарды немесе міндеттерді шешу барысында студенттер жүргізетін жеке, топтық, ұжымдық іс-әрекет.

Эксперименттік жұмыс – нақты жағдайды есепке ала отырып, педагогикалық үдерісті немесе белгілі бір құбылысты, мәселені зерттейтін ғылыми тәжірибе.

Педагогикалық экспериментке сүйеніп, зерттеуші оқутәрбие үдерісінің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін, формаларын, мазмұнын тексере алады. Эксперимент (лат. *experimentum* - тәжірибе) – ежелден қалыптасқан ғылыми-зерттеу әдістерінің бірі болып табылады. Эксперимент алғашқы кезде адамдардың қоршаған ортаны бақылау, танып білулерінен бастау алды. Ол бақылау әдісімен тығыз байланысты. Алайда эксперимент пен бақылау бір нәрсе емес.

Эксперимент барысында зерттеуші құбылысты жай ғана бақылап қоймай, сол құбылыстың өзгеруіне де мүмкіндік береді. Курстық жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеттерін танытады, педагогикалық ойлауын дамытып, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

Курстық жұмыстың мақсаты – студенттердің логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерінің оқу-тәрбие үдерісіндегі дағдысын, ғылыми-зерттеушілік шеберлігінің деңгейін, теорияны практикамен ұштастыра білу мүмкіндігін практикада қолданып, қалыптастыру.

Студенттердің университетте орындайтын ең негізгі ғылыми жұмысының бірі – курстық жұмыс. Курстық жұмысқа жетекші пән бойынша сабақ беретін оқытушылардан тағайындалады. Ғылыми жетекші курстық жұмыстың тақырыбын, кеңес беру кестесін, жұмысты орындаудың күнтізбелік жоспарын, қорғау күнін бекітеді; жұмыстың орындалу барысын қадағалайды, бақылайды. Ғылыми жетекшінің негізгі міндеттері:

- Студентке тақырыпты таңдауға, оның мақсаты мен міндеттерін, зерттеу әдістемелерін анықтауға көмектеседі;

- Студентпен біріге отырып, жұмыстың күнтізбелік жоспарын құрады және тапсырмаларды, кеңес беретін күндерді анықтайды;

- Студентті курстық жұмысты орындауға қойылатын талаптар және нұсқаулармен таныстырады (жұмыстың негізгі кезеңдері, кезең бойынша жұмыс мазмұны, есеп беру түрі, т.б.);

- Тақырып бойынша әдебиеттер, материалдар жинастыру үшін кеңес береді;

- Психологиялық-педагогикалық бақылау мен экспериментті ұйымдастыру және өткізуге көмектеседі;

- Алынған зерттеу материалдарының сапасын тексереді;

- Курстық жұмыстың орындалу барысын бақылайды;

- Жұмыс аяқталғанда пікір береді;

- Қорғауды ұйымдастырады.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.

2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.

3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.

2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.

3. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые-педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004

4. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ., 2016.

5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.